„Бекітемін"

Мектеп директоры: Л.Илемисова

№3 Ғ.Малдағұлова жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі әдістемелік кеңес отырысының хаттамалар жинағы

2021-2022 оқу жыл

№3 Ә.Молдағұлова жалпы орта мектебінің әдістемелік кеңес отырысының

# №1 Хаттамасы

24.08.2021ж.

Барлығы - 54
Қатысқаны - 51
Қатыспағаны - 3

## Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік кеңес жоспарын бекіту, жаңа оқу жылына мақсаттар мен міндеттер қою, жаңа оқу жылындағы жұмыстарды жүйелеу;
2. Өткен оқу жылының қорытындысы, ҰБТ нәтижесі;
3. Білім жүйесіне енген жаңалықтар;
4. Сабақ жоспарлары мен күнделікті жоспарлардың түзілуі.

Жаңа оқу жылындағы әдістемелік кеңес отырысын мектеп директоры Л. Ильминаева ашып, ұжымды келе жатқан білім күнімен құттықтап өтті. Өткен оқу жылының пандемиямен тұспа-тұс келгенін, оқушылардың бірде офлайн, бірде онлайн оқып, оқу форматының да өзгеруі де мектеп өміріне көптеген қиындықтар туғызса да, ұстаздардың ерен еңбегі арқасында өткен жылды табысты аяқтағанымызды айтып, ұжымға өз алғысын білдірді.

Әдістемелік кеңес төрағасы А. Жанбекова кеңес мүшелерін күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, алда тұрған міндеттермен бөлісті. Бірінші мәселе бойынша жылдық жоспар түзілді, ол жоспардағы мәселелер нәтиже көрсеткішіндей болу керектігін алға тартты. Алдағы оқу жылы өткен жылғыдан да гөрі жоғары көрсеткіштерге жетуіміз керек деді, ол үшін жоспарымыз да қолжетімді, нақты, ұжым мүшелерінің игере алатынындай болуы керек деді.

Өткен оқу жылына келсек, бізде сыныптар пандемия жерінен тек үшінші тоқсаннан бастап қана оқығандығы, кезекші сыныптардың тұрақты жұмыс жасағандығы, әйтсе де ұстаздар өз жұмысына немқұрайлы қарамай адал, барынша терең атқарғандығын сөз болды. Осының арқасында жалпы мектептің білім сапасы – % нәтижені көрсетті. Мектептің үлкен бір жетістігі – 4-сынып оқушысы Әбділмүтәлі Аяны XIV республикалық „Бастау" математикалық турнирінде аудан асып, облысқа жетті, одан республика көгіне дейін көтерілді. Жетекшісі – Г. Шайықова ханымға алғысымыз шексіз. Ұстаз мәртебесі сенәрт жетістігі екендігін тағы бір дәлелдегендей болды. „ҰБТ - 2021" қорытындысына келсек, жалпы бітіруші сыныптан 25 оқушы ҰБТ-ға барды, оның 11-і грант дәреже-

сін жеңіп алды. 2 оқушы „Алтын белгі",
2 оқушы „Үздік аттестат" пен марапатталды
және үздік нәтиже көрсетті. Ең жоғары балл-
110 балды құрады. Оқушылар биология, физика,
математика пәндері бойынша жоғары
білім сапасын көрсетіп, мектебімездің ме-
реиін тағы бір көтеріп тастады. Пән мұға-
лімдерінің тынымсыз еңбегі өз жемісін берді.
2021-2022 оқу жылы білім саласында
орасан жаңалықтар, тың өзгерістермен
басталмақ. Соның бірі - типтік оқу жоспарын-
дағы өзгерістер! Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
мектептерде қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері
бойынша типтік оқу жоспары бойынша өзгеріс
жоқ, ал қазақ тілі орыс сыныптарда 5,6,7,8,9-
сыныптарында 1 сағат қысқарған. Робототехника
үйірмесі 5-11- сыныптар арасында бұдан жүргі-
зілмейді. 1-4-сыныптар бойынша цифрлық сауат-
тылық деген пән енгізілді. Денешынықтыру пәні
1-11-сыныптар арасында аптасына 3 сағатты
қарайды. Әрбір денешынықтыру пән мұғалімі
қосымша ақы есебінен үш спорттық секция жүргізеді.
Мектептердің дайындығына байланысты вариатив-
тік компонент сағаттары есебінен „Жаһандық
құзыреттіліктер" курсын таңдауға болады.
Жаһандық құзыреттіліктер (аптасына 1 сағат):
5-сыныпта „Парасаттылық және әдеп";
6-сыныпта „Экология"; 7-сыныпта „Эмоционалды

интеллект және сыни ойлау"; 8-сыныпта „Медиасауаттылық"; 9-сыныпта „Зайырлылық және дінтану негіздері"; 10-11-сыныптарда „Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" деген атаумен беріліп отыр. Сонымен қатар, 2020-2021 оқу жылындағы оқушы біліміндегі олқылықтарды жою жолдары да қарастырылып, жоспарға еніп отыр. Биылтыргы жолы „Жазғы мектеп" жұмысы қолға алынса, биыл қосымша сабақтар жүргізу жолға қойылмақ.

Сабақ жоспарлары мен күнделікті жоспарлар Білім Министрлігінің бекіткен №130 бұйрығына сәйкес жүргізілмек. Апталық жүктеме 18 сағаттан 16 сағатқа түсті. Мұның бәрі мұғалім мүмкіндігінің ашылып, талапқа сай жұмыс істеуін керек етеді. Яғни сабақтың сапасы, уақтылығы тиімді болуы тиіс.

Жалпы кеңес отырысы өте қызу, мәселелерді талқылап, ортаға салды. Жарыссөзге шыққан пән мұғалімдері, бірлестік жетекшілері өз ойларын білдірді. Н.Досмұратова „Білім Министрі А.Аймағамбетовтың биылғы жылы „Зілтені" өмірге қайта жаңа керемет дүние"-десе, А.Шалдыбаева қосымша сабақтардың жол қойылуы - бала білімінің тереңдеуіне үлес қосары, ал Ш.Алтаева жаңадан еніп отырған курстар оқушы танымын кеңейтеді,- деді. Жиын біраузыдан өмірге керекті жайларды қозғап, орынды мәселелерді көтерді деген айтады.

Әдістемелік кеңесте қабылданған

Ұсыныстар:

1. Әдістемелік кеңес жоспары талапқа сай, мазмұнды, нәтиже беретін құрылған деп табылса;
2. Өткен оқу жылы қорытындысы, ҰБТ нәтижесі жоғары дәрежеде деп табылып, үздік пәндер жетекшілері марапатталса;
3. Білім жүйесіне енген жаңалықтарға сай білім дәрежесін де көтеруге барлық ұстаздар атсалысса;
4. Сабақ жоспарлары қызықты, қажеттілікті, нақты, талапқа сай жасалынып, нәтиже берсе;
5. Олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары қарқынды жүргізілсе.

Кеңес төрайымы: [signature] А. Әлібекова

Кеңес хатшысы: [signature] Р. Нарымбекова

№3 Ә.Молдағұлова жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының
№2 Хаттамасы

2.11.2021ж.

Барлығы - 54
Қатысқаны - 50
Қатыспағаны - 4

Күн тәртібінде:

1. Мектепішілік және аудандық кіші іріктеу олимпиадасының өткізілуі мен қорытындысы туралы; (Д.О.І.Ж.О. А.Алибекова)
2. Химия-биология пәндері бойынша білім сапасын талдау. І тоқсан; (Бірлест. жет. Г.Сапилбаева)
3. Оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстарының барысы туралы; (қазақ тілі, орыс тілі пәнд.бірл.жет: Керимбекова Р. Шынмырзаева Г.)
4. Қ.Р.Б.Ғ. Министрінің 2020 ж. 6 сәуірдегі №130 бұйрығына енгізілген өзгерістер туралы, ҰМЖ туралы, 2021ж. 16 қыркүйек №472 бұйрық туралы; (қазақ тілі пән мұғалімі Г.Абдикадирова)

Жиынды әдістемелік кеңес төрайымы А.Алибекова ханым ашып, кезектегі жиынымыздың күн тәртібімен және баяндамашыларымен таныстырып өтті. Айтылатын мәселелерге мұқият болып, осы мәселелерге қатысты өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға тастауын өтінді.

Білім ордасының 20.10.2021ж. №247 бұйрығына

сәйкес мектепте мектепішілік оқушылар олимпиадасы өткізілуі туралы Б. Алибекова айтты. Бұл бұйрық бойынша 11 негізгі пәннен олимпиада ұйымдастырылған. Ұйымдастыру комиссиясы бекітілген. Олимпиада материалдары дайындалып, пән мұғалімдеріне тапсырылған. Әр пән бойынша олимпиада жүргізу кестесі құрылып, кестеге сай олимпиада өтті. Әр пән бойынша жеңімпаздар анықталып, аудандық кіші іріктеу олимпиадасына жол тартты.

Кіші іріктеу олимпиадасы аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 21.10.2021 ж. №278 - н/қ бұйрығына сәйкес 3 орта мектеп базасында өткізу қолға алынды. Нәтижесінде үкілеп апарған оқушыларымыз бұл олимпиадада да іріктеуден өтті. Қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша: 11 сыныптан - Мырзаханова. М, 10-сыныптан - Анарбаева. Г, 8-сыныптан - Рамазанова. Ж, орыс тілі және әдебиеті пәндері бойынша - 8-сыныптан - Асқарбек. Б, 9-сыныптан - Алмасбек. М. 10-сыныптан Әбдерді. А. ағылшын тілі пәні бойынша: 10-сыныптан- Заманбек. Ф тарих пәні бойынша: 9-сыныптан- Ұлыбек. М. құқықтану пәні бойынша! 9-сыныптан- Бейімхан. Н, география пәні бойынша: 8-сыныптан- Сугирова. Н, 9-сыныптан - Сатыбалды. Н, 10-сыныптан Сейтбек. А, математика пәні бойынша: 8-сыныптан Бейсенали. А, 9-сыныптан - Қошан. Е, 10-сыныптан - Кутушева А, физика пәні бойынша: 10-сыныптан - Тастан А, информатика пәні бойынша 9-сыныптан-

Анвар. А, биология пәні бойынша 11-сыныптан -
Нұрали Б.- барлығы 18 оқушы жоғары нәтиже көрсетті.
Дайындаған пән мұғалімдеріне алғыс айтылып, енді
II турда да топ жарып, облысқа жолдама алуына
тілектестік білдіре отырып, дайындықты күшейту
керектігін басып айтты.

Келесі мәселе бойынша сөз алған химия-биология пәндері бірлестігінің жетекшісі Г. Сапарбаева өз бірлестігіндегі жұмыстар барысымен, білім сапасымен таныстырып өтті. Жалпы бұл бірлестікте мұғалім жұмыс істейді. Барлығы да жоғары білімді зерттеуші-педагогтар: Тұрсева. Ә, Картекова. Ұ. Сапарбаева. Г. Пәндер бойынша I тоқсанда білім сапасы 50-78% аралығындағы көрсеткішті көрсетіп тұр. ҰБТ-ға дайындық кестеге сәйкес жүргізілуде. Биология пәнін таңдаған 3 оқушы: Оразбай. А, Закирова. Т. Хамит. Д, 30-35 балл аралығында жинап отыр. Жыл аяғына дейін бұдан да биік дәрежеге жетеді,- деп сеніммен уәде берді бірлестік жетекшісі.

Оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары туралы алдымен қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің бірлестік жетекшісі Р. Керимбекова өз бірлестігінде осы мәселе бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқандығын көпшілікке паш етті. Алдымен қыркүйек айының басында барлық сыныптардан жазба жұмысы алынған, таңдау жұмыстары бойынша: фонетикалық, лексикалық, синтаксистік таңдау бойынша

оқушылардың білім дәрежесін саралайтын түрлі тест жұмыстары алынып бағалардың білім сапасы деңгейі анықталған. Бұл сыныпта оқушылар қандай тақырыптан қиналады, сол бойынша қосымша сабақтарда жұмыстар жүргізілген. Қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша қосымша сабақтар әр аптаның дүйсенбісіне қойылған және әр пән мұғаліміне бөлініп берілген. Осындай жұмыстар жүргізілу арқасында осы пән бойынша білім сапасы біршама көтерілген. Мұны қазан айының соңғы аптасында алынған жазба жұмыстары дәлелдеп отыр.

Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша олқылықтардың орнын толтыру жұмысының да жалпы бет алысы осы тәсілдермен, -деді сөз алған бірлестік жетекшісі Г. Шынмырзаева. Әр аптаның сейсенбі күндері қосымша сабақтар қойылған. Өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасындағы күрделі деген тақырыптар мен оқу мақсаттары іріктеліп алынып, сол бойынша тапсырмалар әзірленіп, оқушылармен жұмыс жүргізілген. Осының жемісінен I тоқсанда білім сапасында ілгерілеушілік бар. Қосымша сабақтар мен олимпиадалар өз жемісін беруде.

Жаңа ҰБІЖС туралы Г. Абдикаримова таныстырылым жасады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021ж. 16 қыркүйек

тің №472 бұйрығына сәйкес 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрыққа біршама өзгерістер енген. Бірнеше тармақтар алынып тасталған, кейі ықшамдалып, оңтайландырылған. Г. Абдикадирова осы жаңа үлгіге сәйкес жасаған өз сабағының жоспарын көрсетіп, көпшіліктің терең қызығушылық сұрақтарына жауап беріп, өзінің жоспар құруда көздеген, қай бөлімде қандай тармақтар алынғанын, қандай жаңалықтар енгенін, жұмыстарын түсіндіріп өтті.

Жиын соңында әдістемелік кеңес төрайымы А. Алибекова барлық баяндамашыларға өте құнды дүниелермен бөліскені үшін өз алғысын жеткізді. Жарыссөзге шыққан қазақ тілі пән мұғалімі Н. Қосмұратова жас мамандардың жұмысына көңілі толатынын айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі. Ал Б. Қайназаров, математика пән мұғалімі, олимпиадаға дайындық жұмыстарын жандандыру керектігін айтты. Қазақ тілі мен орыс тілі, әдебиеті пәндерінің олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары дұрыс жолға қойылғандығына ризалығын білдірді. Ағылшын тілі пән мұғалімі С. Өсеров ҚМЖ үлгісі өте ыңғайлы қонымды, нақты іске бағытталған, оңтайлы екендігін, осы туралы жеткізе түсіндірген Г. Абдикадироваға алғысын білдірді.

Жиын өте тартымды, білім сапасын көтеруге байланысты мәселелерге толы, тартысты өтті.

## Әдістемелік кеңесте қабылданған Ұсыныстар:

1. Аудандық кіші іріктеуден өткен оқушылармен жұмыс жандандырылса;
2. Химия-биология пәндері бірлестігінің жұмысы жақсы деп табылып, жалғасын тапса;
3. Олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыстар, қазақ тілі, орыс тілі пән бірлестіктерінің жұмыстары өзге бірлестіктердің де жұмысына үлгі болса;
4. Жаңа ҚМЖС үлгісін сабағына бейімдеп, көпшілікке таныстырған Г. Абдукадырованың жұмысы құнды деп табылып, II тоқсанда тағы қолға алынса.

Әдістемелік кеңес төрайымы: А. Алибекова

Хатшысы: Р. Керимбекова

№3 Ә.Молдағұлова жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының

# №3 Хаттамасы

12. 01.2022ж.

Барлығы - 56
Қатысқаны - 53
Қатыспағаны - 3

## Күн тәртібінде:

1. Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің білім сапасы туралы. II тоқсан. (Д.О.І.Ж.О. А.Алибекова.)
2. Тәлімгерлердің жас маманмен I жарты жылдықта жүргізілген жұмысының есебі (орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, тәлімгер: Мусаева Г.К.)
3. „Алтын белгі" үміткерлері туралы (11- сынып жетекшілері: Н.Шандыбаева; Г.Абдикадирова.)
4. Үйде оқытылатын оқушылардың психологиялық ахуалы (Мектеп психологы: Ф.Еспулганова.)

Жиындағы әдістемелік кеңес төрайымы - А.Алибекова ашып, II тоқсанда білім көрсеткіштері біршама көтерілгенін айтып, ұстаздарға білім беру жолында еңбектеріне табыс тіледі, кеңестің күн тәртібімен таныстырып өтті.

II тоқсанда біздің мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен айлық өтті. Бұл іс-шараға орыс тілі пән мұғалімдері түгел атсалысты. Жоспар түзіліп, түрлі сайыс-сабақтар, дебаттар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар өткізіліп, оқушылардың орыс тілі пәніне деген, орыс жазушыларының

шығармаларына деген қызығушылығын арттық, білімге деген құлшынысы, білім сапасы көтерілді. Соның нәтижесінде орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша білім сапасы 41%дан 100%ға дейінгі деңгейді көрсетсе, орташа балл 3,5 – 4,4 деген дәрежені көрсетті. Осының бәрін саралай келе, орыс тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда білім сапасы жоғары деңгейде деп есептелсе және 100% білім сапасын көрсеткен 9 „Э" сыныбының пән мұғалімдері шебер сынып өткізсе деген ұсыныс түсті.

Жас маман Бигабилова Г. апаймен жұмыс жүргізген тәжірибелі ұстаз Г.Мусаева өз есебінде былай деді: Алдымен, 2019 жыл 27 желтоқсандағы „Педагог мәртебесі туралы" Заңына сәйкес тәлімгерлікке бекітілдім. Бигабилова Ғалия да өз кезінде кәсіби және адамгершілік қасиеттерде бойына сіңірген, кәсіби өсу мен дамуға дайын екен. Жас маманға тәлімгерлікті жүзеге асыру үш кезеңнен тұрады: кәсіби деңгейін анықтау кезеңі, тәлімгер жас маманның тәлімгерлік жоспарын іске асыру, оқу жылы бойы психологиялық - педагогикалық сүйемелдеу, жас маманың деңгейін зерделеп, дайындығын анықтап, одан әрі жұмыс істеу үшін ұсыныстар беру. Мен оны мектеп құжаттамасымен, күнделікКТЖ жүргізу бойынша түсіндірме жұмысы

жүргіздім, күнделікті сабақ жоспарын ҚМЖ толтыру тәртібімен, сабақ құрылымымен, оқушылардың білімін бағалау нормаларымен таныстырдым, - деді.
Г. Бигабилованың өз рөлін жақсы көруі, шәкірттерімен жұмысқа жан-тәнімен кірісуі - болашақта жас маманның жоғары дәрежеге жету жолындағы ізденістерімен ұштасып, оң нәтиже береді деген сенімдеміз.

11 „А" сынып жетекшісі Н. Шандыбаева өз кезегінде сыныптың жалпы жағдайымен таныстырып, сынып ішінен шыққан „Алтын белгі" үміткерлерімен таныстырды. Елімізде „Алтын белгіге" үміткерлерге талап күшейтілген. Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетовтің сөзінше, түлектер үшін емтихандық енді тәуелсіз ұйымдар өткізеді және ол өзінің оң нәтижесін береді деген сенімдеміз. Оқушының жылдың бағасы „5" болуымен қатар, 5-11 - сынып аралығындағы барлық тоқсандық бағасы „5" болуы керек деген қағида енген. Бұл сыныпта үздіктер қатарындағы 5 оқушының 3-уі осы талаптарға сай; 1. Мырзаханова М. 2. Закирова Г. 3. Бейлыбаева Б. „Алтын белгі" үміткерлері етіп ұсынылса, тоқсандық бағаларында „4" бар Жақсылықова Г. мен Бертай А. „Үздік аттестат" үміткерлері болып ұсынылып отыр.

Ал, 11 „Ә" сыныбының жетекшісі Г. Абдықадырова, өз кезегінде сыныбында 2 үздік оқушы бар екендігін, соның бірі - Нұрасыл Б. үнемі „5" пен оқып келе жатқандығын, „Алтын белгі" үміт-

кері ретінде ұсынылғанын, ал екінші үздік оқушы Ахметбалаева Ф. жылдық бағаларында "4" анықталған соң бұл оқушы „Алтын белгі" үміткерлер тізімінен шығарылғандығын көпшілікке паш етті.

Үйде оқытылатын оқушылардың психологиялық жағдайымен мектеп психологы Ф. Еспуганова хабардар етті; біздің мектепте мұндай оқушылар үшеу - Байбаков. Д; Хайдарова. Х; Әділбек. С. Олардың әрқайсысының оқуға деген ынтасы мен білім деңгейін саралап өтті. Жалпы, үшеуі де денсаулықтарына байланысты білімге деген қызығушылығы және есте сақтауы төмен.

Жиын соңында жарыссөзге шыққан ұстаздар бұл кеңестің берері мол екендігіне тоқталды. Көптеген жайлар ортаға тасталып, талқыланды. Биология пәні мұғалімі У. Қартекова жас маманмен жұмыс керемет жүргізген,- деп баға берсе, қазақ тілі пән мұғалімі және жас мамандар: Тажиханова А. Тахирова. А. Шыңмырзаева Г. апайлар орыс тілі пән апталығынан өздеріне көп нәрсе алғанын айтты. Тарих пән мұғалімі Г. Балабек „Алтын белгі" үміткерлерімен жұмыс тұрақты жүргізіліп келе жатқанын, көңіл толатынын айтса, мектеп дәрігері үйде оқытылатын оқушылардың білімімен қатар, көңіл- күйіне де көбірек көңіл аудару керек деді. Жалпы, кеңес жиын жоғары деңгейде өтті.

Әдістемелік кеңесте қабылданған

# Ұсыныстар:

1. Орыс тілі және әдебиеті пәндерінің білім сапасы жоғары деңгейде деп табылса;
2. 100% білім сапасын көрсеткен 2 „Ә" сыныбының пән мұғалімдері, семинар өткізсе;
3. Жас маманмен жұмыста еңбегі ескеріліп, Г. Мусаеваның жұмысы жоғары деп есептелсе;
4. „Алтын белгі" үміткерлерімен жұмыс жандандырылса;
5. Үйде оқытылатын оқушылардың білімімен қатар көңіл-күйін көтеріп отыру жолға қойылса.

Кеңес төрағасы: А. Алиебекова.

Кеңес хатшысы: Р. Керимбекова.

№3 Ә.Молдағұлова жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының

# №4 Хаттамасы

24.03.2022ж.

Барлығы – 56
Қатысқаны – 54
Қатыспағаны – 2

## Күн тәртібінде:

1. Білім берудегі үздік әдіс-тәсілдер.
   Баяндамашы: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Қосмұратова. Н.О.
2. ҰБТ-ке дайындық туралы
   11 „А" сынып жетекшісі: Шандыбаева. Н.
   11 „Ә" сынып жетекшісі: Абдықадырова. Г.
3. ББЖМ бойынша дайындық жұмыстары
   9 „А" сынып жетекшісі: Ұ. Қартекова
   9 „Ә" сынып жетекшісі: Г. Балабек
4. Тәлімгердің жас маманмен жүргізілген жұмыстарының есебі. Тәлімгер: ағылшын тілі пәні мұғалімі: М. Тожиханова

Жиындыі әдістемелік кеңес төрайымы – А. Алибекова ашып, үшінші тоқсанда атқарылған жұмыстардың нәтижелілігін айтып, ұжымның және ұстаздар мен шәкірттердің дүлдүлдер қатысқан сайыстарда жоғары дәрежеге жетіп келе жатқандығын қуана хабарлап, осының бәрі мектеп әкімшілігі мен ұжымның, ұстаз бен шәкірттің бірлесе атқарған еңбектерінің жемісі екенін айтып,

алдаға күндерде де ынтымақты жұмыс ат-
қаруға шақырды. Күн тәртібіндегі мәселелерді
айтып, баяндамашыларды ортаға шақырды.

Бірінші кезекте білім берудегі үздік әдіс-тәсілдер
айтылды. Баяндаманы қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі, шебер ұстаз Н. Қосмұратова өз
кезінде былай деді: Өз сабағымда көбінесе Ж. Қараев-
тың „Деңгейлік саралап оқыту" технологиясын
пайдаланамын. Тапсырманы үнемі төрт дең-
гейге бөліп беріп отырамын. Тапсырма күрде-
ленген сайын оқушылар арасында көшбасшылар
анықтала бастайды. Бала бойындағы жасы-
рынып жатқан қабілеттер ашылып, дами
бастайды. Топтық жұмыс та жеке бала-
лардың топ ішінде басқаша белсенді бола-
тынын, өзін еркін сезінетінін көрсетті.
Осылайша шебер-педагог өзі қолданатын тиімді
тәсілдермен көпшілікті таныстырып, жұмыс
сапасын арттыруға шақырды.

ҰБТ-ға дайындық жұмыстары қарқынды
жүргізілуде. Бұл туралы 11 „А" сынып жетек-
шісі Н. Шандыбаева былай деді: 11 „А" сыны-
бында жалпы 19 оқушы бар. Оның 18-і
ҰБТ сынамасына қатысады. Қаңтар
айындағы сынамада білім сапасы - 62,3%
ал наурыз айында өткен сынамада - [illegible]
көрсеткен. Және жекелеген пәндер бо[illegible]
ша көрсеткіштерді атап өтіп, ілгері [illegible]

көрсеткіштері жоғары пән мұғалімдерінің жұмысына ризашылығын білдірді.
11„Ә" сыныбында оқушы саны-14, оның тестке баратындары - 9 оқушы. Наурыз айындағы сынама тестте білім сапасы - 63,71% болса, ақпан айында - 63,62% көрсеткен. Кейбір оқушыларда көрсеткіш жоғарылаған, кейбір оқушыларда өзгеріс жоқ екенін айтты. Оқушылар ақылақы қосымшаға қатысуда-деді.
Ал, ББЖМ бойынша дайындық жұмыстары туралы сөз алған 9„Б" сынып жетекшісі Ұ. Жортекова өз сыныбындағы жағдаймен таныстырып өтті. Алдымен ББЖМ-нің не екенін терең түсіндіріп, басты мақсатына тоқталды. Үш бағытын, әр пәннен қанша тапсырма келетінін, бағалау форматымен таныстырды. Формасы, уақытын айтты. 9„А" сыныбында 21 оқушы, біреуі үйде оқытылады. Тест алынған кездегі білім сапасы - 27,5 %-ды құраған.
9„Ә" сыныбында 18 оқушы бар. Сынып жетекшісі Г. Балабек барлық оқушы тестке қатысатынын айтты. Сынама тест кезінде білім сапасы-33 %-ды көрсеткен. Жалпы, оқушылармен дайындық жұмыстары қарқынды жүруде.
Мектепке биыл келген жас маман - А. Жорахановa ағылшын тілінің мұғалімі. Оған тәлімгерлікке ағылшын тілінің үлгілі,

тәжірибелі мұғалімі - М. Тажиханова берілді. Өз есебінде М. Тажиханова жас маманның жұмысындағы жоспарларын мен өткізген сабақтарын, қатысқан іс-шарадағы білім көрсеткіштері, сабақ өту әдістерін айтып өтті. Жас ұстаздың білім дәрежесі, мінез-құлық дәрежесі, оқушылармен тіл табысуы жақсы дәрежеде екенін айтып өтті. Өзінің берген көмегін, қалай жас көрсеткенін атап көрсетті. Жартыжылдыққа жасаған еңбегі толымды екендігін айтып өтті.

Жарыссөзге шыққан ұстаздар Г. Мусаева баяндамашылардың есебін қанағаттанарлық деп оң баға беріп, ҰБТ мен ББЖМ бойынша дайындық жұмыстарына көңілі толатынын айтып, ұстаздар еңбегіне риза болғанын атап өтті. Тағы да бір ұстазымыз, Н. Ботабеков, білім жүйесіндегі өзгерістер біздің мектебімізде де өз нәтижесін беріп отырғанын айтып, жаңаша әдіс-тәсілдерді көбірек қолдануымыз керек екенін айтты.

Жалпы жиын өте тартымды, білім саласына өзгеріс енгізуге үлесі зор болып өтті.

Әдістемелік кеңесте қабылданған ұсыныстар:

1. Н. Хожуратованың баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын;

2. ҰБТ мен ББЖМ-ге дайындық жұмыстарын жандандырылса;
3. Оқушылармен дайындық барысында логикалық сипаттағы тапсырмалар берілсе;
4. Тәлімгер М. Тарақхановның жұмысы жақсы дәрежеде деп бағаланса.

Кеңес төрайымы: А. Алимбекова.
Кеңес хатшысы: Р. Керимбекова

„Бекітемін"

Мектеп директоры: Касымбекова.

„№3 Ә.Молдағұлова жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдістемелік кеңес отырысының

хаттамалар жинағы

2022-2023 оқу жылы

№3 Ғ.Молдағалиева жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының

№5 Хаттамасы

26.05.2022ж.

Барлығы - 56
Қатысқаны - 52
Қатыспағаны - 4

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу үлгерімінің қорытындысы. (ДОІЖО А.Алибекова)
2. Пән бірлестік жетекшілерінің жылдық қорытынды есептері. (Баяндамашылар: бірлестік жетекшілері)
3. Шығармашылық есеп. (Дене шын. пән мұғалімі - Зафар Н, ағыл. п.мұғ - Серғазиева М, АӘД пән мұғ - Байтұрсын Т.)
4. 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының жылдық қорытындысы (А.Алибекова)

Жиындағы әдістемелік кеңес төрайымы - А.Алибекова ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Ұстаздарды оқу жылының табысты аяқталуымен құттықтады. Бір жылдық ерен еңбегімен, жемісті қызметтерімен марапаттап өтті. Жалпы, мектепте 560 оқушы білім алса, оның ішінде: МАД тобында - 42 тәрбиеленуші, 1-4-сыныптарда - 226 оқушы, 5-9-сыныптарда - 230 оқушы, 10-11-сыныптарда - 61 оқушы оқыды. 10 „А" сынып оқушысы Кенжекулов С. 22 сәуірден денсаулығына байланысты, уақытша сабақтан босатылған. Оқушылардың IV тоқсан бойынша оқу үлгерімі: үздік оқитындар - 63, жақсы оқитындар-

163, қанағаттанарлық деңгейде оқитын оқушылар саны - 220 болып отыр. Үлгерім - 100%, орташа балл - 3,6, білім сапасы - 50,6 %-ды құрап отыр.
Ең жоғары деңгейде білім сапасын көрсеткен сыныптар: 1. 5 „А" сыныбы - 68%, с/ж Тажиханова. М.
2. 2 „А" сыныбы - 61%, с/ж. Тұрсынбаева. Ш.
3. 3 „Ә" сыныбы 60,8%, с/ж. Оразымбетова. С.
4. 10 „А" сыныбы. 60,7%, с/ж. Сергазиева. М.

Ең төмен деңгейде білім сапасын көрсеткен сыныптар:
1. 8 „Б" сыныбы - 29%, с/ж. Әріп. М.
2. 7 „Ә" сыныбы - 31,5%, с/ж. Үсеров С.
3. 7 „А" сыныбы - 37,5%, с/ж Такирова А.
4. 8 „А" сыныбы - 38%, с/ж Сатымбекова М.
5. 6 „Ә" сыныбы - 40%, с/ж Бекмұратова. Ж.

Бірлестік жетекшілерінің есебі бойынша әр бірлестікте атқарылған жұмыстар туралы баяндалды. Бастауыш сыныптар бірлестігі жетекшісі - А. Тұрсынбаева бірлестікте - 14 мұғалім, оның ішінде сарапшы - 4, модератор - 6, санатсыз - 4 мұғалім бар деді. Жыл бойы жүргізілген іс-шаралармен таныстырып, бірлестік мүшелерінің жеткен жетістіктері туралы айтып өтті.
Математика, физика және информатика пәндер бірлестігі жетекшісі Әріп М.-ның есебінде бірлестікте 9 мұғалім бар, педагог зерттеуші - 5 мұғалім, педагог-модератор - 2 мұғалім, санатсыз - 2 мұғалім. Математика, физика және информатика бірлестігінің осы оқу жылында

64%-ды құрап отыр. Барлық мұғалімдер цифрлық сауаттылық бойынша сертификатталған.
Эрін. М. PIZA курсынан өткен.
Орыс тілі мен әдебиет пән бірлестігінің жетекшісі – Г. Шыншырзаева өз есебінде былай деді: Жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілген, бірлестік мүшелері жыл бойы түрлі сайыстарға қатысқан, жоғары деңгейде марапатталған. Бірнеше оқушылар сайыстарға қатысып, жоғары білім дәрежесін көрсеткен.
Тарих-география бірлестігі жетекшісі Е. Тәжітұлы былай деп есеп берді: Бұл бірлестікте 6 мұғалім бар: 5 зерттеуші, 1 сарапшы. Бірлестіктің жылдық жұмысы өте нәтижелі, ұстаздар да, оқушылар да түрлі сайыстарға қатысып, жоғары білім дәрежесін көрсеткен. Көркем еңбек, өзін-өзі тану бірлестігі жетекшісі А. Назарованың есебінде де әртүрлі іс-шаралар, апталықтар өткен, ұстаздар да, оқушылар да қатысқан.

Шығармашылық есептер бойынша сөз алған ағылшын тілі пән мұғалімі: Сарғожаева Жақсыбал біздің мектепке 2020 жылы келген, еңбек өтілі – 5 жыл. Санаты: педагог-модератор. Көп сала бірнеше ашық сабақтар өткен. Оқушылары сайыстарда жоғары білім дәрежесін көрсеткен. Өзі де бірнеше Алғыс хатпен, Сертификаттармен сыйланған.
Музыка пәнінің мұғалімі Д. Смайловтың есебінше, оқушыларға қазақ халқының әуендерін, салт-дәстүрлерін таныстырып, кеңінен насихаттауды мақсат тұтқан. Еңбек өтілі – 15 жыл

Дене шынықтыру пән мұғалімі - Зафар Нұрғазиев
Еңбек өтілі - 2 жыл. Осы жылдар ішінде ол
көптеген сайыстарға оқушыларды қатыстырып,
жеңістерге жеткен. Өте шыншыл, іскер ұстаз.
АӘД мұғалімі Т. Қайназар, 2019 жылдан жұмыс
істейді, оқушыларды дала жиынына апарып,
жақсы нәтижеге қол жеткізіп, сертификатталған.

Әдістемелік кеңес жұмысының жылдық
жұмысының есебін әдістемелік кеңес төрайымы-
А. Алибекова беруде былай деді: Жылдың басында
кеңестің жұмыс жоспары жасалған, соған
орай білім ордасында сапалы жұмыс жаса-
лынған. Ұстаздар қарқынды жұмыс істеп,
өздері де, оқушылар биік белестерді бағындырған.
Тәлімгер ұстаздар өздеріне бекітілген жас
мамандармен терең жұмыс жасап, әдіс-
тәсілдерді меңгерткен. ББЖМ бойынша
4-9-сыныптар арасында өткен сынақта
мектеп оқушылары ауданда III орын алып
отыр. 11-сыныптар арасында „Алтын
белгі" үміткерлер саны - 4 оқушы, „Үздік
аттестат" үміткерлері 11-сыныптан
2 оқушы, 9-сыныптан 7 оқушы болып отыр.

Жиын соңында сөз жарысқа шыққан
мұғалімдер Н. Қосмұратова кеңестің
жұмысына көңіл толатынын айтып, ұстаз-
дардың еңбегіне жеміс тіледі. Н. Шаныбаева
жас мамандармен жұмыс істеген тәлімгерлерге

ризашылық білдірді. Г. Мусаева шығармашылық есеп тапсырған мұғалімдерге жұмыстарына шабыт, шығармашылық ізденіс керек екендігін айтты. Келесі кезекте „Алтын белгі" үміткерлері мен „Үздік аттестатқа" ұсынылғандар үмітті ақтауға білім ордасы үлкен мақсаттың орындалғанына болмақ. Жалпы, жиын өте қызықты, тәлім аларлықтай өтті.

## Әдістемелік кеңесте қабылданған ұсыныстар:

1. 2021-2022 оқу жылындағы білім сапасы қанағаттанарлық деп табылса;
2. Пән бірлестік жетекшілерінің есебі жоғары деңгейде деп есептелсе;
3. Шығармашылық есеп берген ұстаздардың еңбегі құнды деп табылса;
4. Әдістемелік кеңес жұмысы жақсы жолға қойылған деп бағаланса.

Кеңес төрайымы: А. Амирбекова

Кеңес хатшысы: Р. Керимбекова

№3 Г.Молдағұлова жалпы орта мектебінің әдістемелік кеңес отырысының

# №1 Хаттамасы

26.08.2022ж.

Барлығы - 56

Қатысқаны - 53

Қатыспағаны - 3

## Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік кеңес жоспарын бекіту, жаңа оқу жылына мақсаттар мен міндеттер қою, жаңа оқу жылына жұмыстарды жүйелеу; (Д.О.І.Ж.О: А. Алибекова.)
2. Өткен оқу жылының қорытындысы, ҰБТ нәтижесі. (Д.О.І.Ж.О: А. Алибекова)
3. ББЖМ бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесі. 4, 9-сыныптар жетекшілері Г.Әмірсейітова, Н, Ергешова, Г.Бағабек, У.Картекова)
4. Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, пән апталықтарын, мектепішілік пән олимпиадаларын өткізу графиктерін бекіту;
5. „Bilimland.kz." сайтын қолдану туралы
6. Оқушылардың кіші ғылыми жобаға дайындау

Жиынды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Алибекова ашып, ұстаздарды келіп жеткен жаңа оқу жылымен құттықтады. Шәкірттерді жас шыбық кезінен баулып, жемісін төккенше бір

тындайтын ұстаз-бағбан қауымына оның да қызықты еңбек жолында сәттілік тіледі. Биылғы жыл да өзіндік ерекшелігімен еніп отыр. Әдістемелік нұсқаулық хатты негізге ала отырып, сағаттар бойынша жүзеге асты. Өзін-өзі тану пәні тоқтатылып, „Жаһандану" курс сағаттары өмірге енді. Денешынықтыру пәні бойынша өтілетін болса, факультативтік сағаттар жойылып, апталық жүктеме 1-4-сыныптарда 28,5, 5-9-сыныптарда 32, 10-11-сыныптарда 35 сағаттан аспайтын болды. Осыған орай, әдістемелік кеңес өз жоспарын жасап, бекітті. Пән мұғалімдері жоспарға сай нақты, тыңдырымды жұмыс атқарса, нәтижелі табысқа қол жеткіземіз. Әркім өзіне тиісті, әр бірлестік өзінің жоспарын құрып, ақылдасқан түрде жұмысқа кірісті.

Өткен оқу жылының қорытындысына келсек, „Алтын белгі" үміткерлері – 4 оқушы, „Үздік аттестат" үміткерлері – 3 оқушы 11-сыныптан, 7 оқушы 9-сыныптан шыққан еді, барлығы да өз дәрежесін ақтап, мұғалімдер мен ата-аналар сенімінен шықты. „Алтын белгі" жұмыстары негізгі тексерілгені, математикалық сауаттылық пен оқу сауаттылығынан жоғары деңгейді 19-20 балды көрсетті. Қуанышты жаңалық, 11 жыл бойғы еңбек ақталды.

ББЖМ-ға дайындық жұмыстары жыл бойы жүргізілді. Оның алыну жолдары, форматы, 4-сынып үшін, 9-сынып үшін пәндер түрімен әдбен жұмыс жүргізіліп, оқушылар әдеттенген. ББЖМ кезінде оқушылар өзін қалай ұстауы керектігі де психолог тарапынан дағдыландырылған. Осындай жұмыстар нәтижесінде мектебіміз аудандағы I орынға көтерілді.

Осындай керемет нәтижелерге тағы да жету үшін әдістемелік кеңес өз жұмыс өз жұмысын одан әрі жандандыра, нақтыландыра түсу керек. Алда 5 варианттық „Тіл шеберлігі" кешен жатыр, осы негізде жоспар құру, пән апталықтарын бөлісу, оқушыларды қызықтыратындай, білім көкжиегін кеңейтетіндей деңгейде жоспарлар құрып, ашық сабақтар, семинар, дөңгелек үстелдер өту, мектепішілік пән олимпиадаларына оқушыларды тиянақты дайындап, ауданнан, одан әрі облыстан биік деңгейге жететіндей жұмыс жүргізу керек. Әр пән мұғалімі өз пәнін сүйетін оқушыны таңдап, жұмыс жүргізу графигін шығару керек.

Биылғы жылдың өзекті жаңалығы; ұстаздардың „Bilimland.kz" сайтында сабақ өтіп, нәтижесін көзі болып отыр.

„Bilimland.kz." сайтының жұмысын жан-
дандыру, мұғалімдерге нәтижесін түсіндіру,
жаңа өмірге терең енгізу жас маман,
мықты технологияны меңгерген ұстаз
М. Серғазиеваға жүктелді. Енді осы
жұмысты әрі қарай алып кету бүкіл
ұстаздар еншісінде. Бұл - заман талабы.
Кіші ғылыми жоба жұмысы бұған дейін
де мектепте атқарылып келген. Пән
мұғалімдері қызықты тақырыпты оқушы-
мен бірлесе отырып таңдайды, өз бағыты-
на сәйкес жоғары оқу орындарына маман
ұстаздармен жалғасып, келісімге келу керек,
содан соң барып, зерттеу жұмысын бас-
тайды. Осыған орай, пән мұғалімдеріне
жұмыс барысы айтылды, әрі қарай жұ-
мысты алып кету, жүргізу өз қолдарында.
Жарыссөзге шыққан Е. Толғанұлы бол-
тығы жыл - өте табысты жыл болғанын,
бұның бәрі әдістемелік кеңес жұмысының дұрыс
жолға қойылғандығының, ұстаздардың алынған
міндетін жоғары орындағандығының арқасы
екендігін айтып өтті. Ұстаздарға тыным-
сыз еңбек, нәтижелі жұмыс тіледі. Әр,
Б. Қайназаров ҰБТ-да, ББЖМ-да
жоғары нәтиже көрсеткен шәкірттерді, олар-
дың ұстаздарын құттықтап, еңбектеріне
жеміс тіледі, келесі жылы одан да биік

дәрежеге жету үшін жүйелі жұмыс істеуге шақырды. М. Серғазиева „Bilimland.kz" сайтында жұмыс істеу өте қызықты, нәтижелі екенін алға тартты, ұстаздарды үнемі бірлікте жұмыс жасауға ынталылығын айтты. Ғылыми жоба жұмыстарын көбейтсек, болашақта арамыздан небір доцент, небір ғылым профессоры шығатынына сенімді екенін айтты.

Жиын қызықты да тартысты өтті. Ұстаздар қауымы өз білімдерін ортаға салып, талқылап, керекті де өзекті мәселелермен бөлісті.

Әдістемелік кеңесте қабылданған

## Ұсыныстар:

1. Әдістемелік кеңес жоспары заман талабына сай құрылған, мазмұнды деп табылса;
2. Өткен оқу жылы қорытындысы, ҰБТ, ББЖМ нәтижесі жоғары деп бағаланып, үздік пән жетекшілері марапатталса;
3. Пән апталықтары, пән олимпиадаларына дайындық жұмыстары қолға алынса;
4. Ғылыми жоба жетекшілері анықталып, келісімге келу (ЖОО) қолға алынса;
5. „Bilimland.kz" сайтында жұмыс істеу қарқынды жүргізілсе.

Кеңес төрайымы: А. Алибекова

Кеңес хатшысы: Р. Жұмабекова.

№3 Ә.Молдағұлова жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының

# № хаттамасы

02.11.2022ж.

Барлығы- 56
Қатысқаны- 54
Қатыспағаны- 2

## Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сыныптарда қазақ тілі оқулығының өтілуі туралы (А. Турсынбаева)
2. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының барысы туралы. (М. Серғазиева)
3. PIZA-халықаралық зерттеуге дайындық бойынша жұмыстар барысы. (М. Үсенбаева)
4. Мектепішілік оқушылар пән олимпиадасының қорытындысы туралы. (Бірлестік жетекшілері)
5. Үйде оқытылатын оқушылардың психологиялық ахуалы. (Ф Еспурганова)
6. Ағылшын тілі пәнінің оқытылуы жағдайы туралы (А. Алибекова)

Жиынды әдістемелік кеңес төрайымы ашып, кеңес мүшелерін күн тәртібіндегі мәселелермен және баяндамашылармен таныстырып, сөз кезегін бастауыш сыныптар бірлестігі жетекшісі А.Турсынбаеваға берді. Оқулық „Қазақ тілім-мақтанышым" тақырыбында өткен. Жоспар жасалынып, әр сынып бойынша тапсырмалар берілген. Жоспар бойынша қабырға газеттер шығарылған; сайыс

сабақ, ойын сабақ, эссе жазу байқаулары өткізіліп, оқушылардың танымдық қабілетін арттырып, ой-өрісін кеңейтуге зор үлес қосқан шаралар өте биік дәрежеде өткен. Онкүндік соңында барлық белсенді топтар, оқушылар марапатталып, мадақталды.

Келесі мәселе бойынша 11-сынып жетекшісі М.Серғазиева сөз алды. Ол өз сыныбындағы ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының барысымен көпшілікті таныстырды. Биылғы ҰБТ-2023 ережелеріне көптеген өзгерістер енгізілген: Қазақстан тарихы міндетті пәнінен тест сұрақтары 15-тен 20-ға көбейді. 20 сұрақтың барлығы да 1 ғана жауапты сұрақтар. Оқу сауаттылығы міндетті пәні бойынша тест сұрақтары 20-дан 15-ке қысқарды. Барлығы да мәтін бойынша болады. 1 ғана жауапты талап ететін сұрақтар. 2 жауапты талап ететін сұрақтар 8-ден 6-ға қысқарды және 1 тест сұрағына 3 жауаптан артық дұрыс жауап болмайды. Грант жеңіп алуға 2 мүмкіндік сақталады. Тестілеуге қатысу үшін төлемді онлайн өтінім беру кезінде банк картасы арқылы немесе Kaspi.kz қосымшасы арқылы онлайн режимде жасайды. Форматы 5 пән; 3 міндетті пән, 2 бейіндік пән. Барлық тест-тапсырмалар саны - 120, уақыты (4 сағат) 240 минут. Сыныпта 28 оқушы бар, барлығы да қатысатын болып отыр. ҰБТ-ға дайындық жоспары жасалынған, оқушылар мектептегі де, ақылы да дайындық сабақтарына қатысуда. І тоқсан

қыркүйек, қазан айларында сынақ ҰБТ тесті алынды.
Ең жоғары дәрежеде балл жинаған – Анарбаева Жанай
89 балл. Басқалары орта дәрежеде болып отыр.

PIZA-халықаралық зерттеуге дайындық бойынша
М.Ченбаеваның баяндамасында PIZA туралы түсінік
бере кетті. Ол-оқушылардың білім алу жетістіктерін
бағалау жөніндегі Халықаралық бағдарламасы. Бағалау
обьектілері – математика, жаратылыстану, оқу сауаттылығы.
15 жастағы оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауат-
тылығын қалыптасу үшін пәндік нәтижелер, пәннен
тыс дағдылар, тұлғалық нәтижелер сияқты білік-дағ-
дылар қалыптасқан болу керек. Біздің мектепте 15 жас-
тағы оқушылар саны – 36 болған. Олардың осалты
білім сапасын зерттегенде; математикалық
сауаттылық – 36%-ды, оқу сауаттылығы – 30%-ды, ғы-
лыми жаратылыстану бойынша – 36%-ды құрап отыр.

10-14 қазан аралығында мектебімізде республикалық
пән олимпиадасының мектепішілік кезеңі өтті. Ол тура-
лы бірлестік жетекшілері өз бірлестігі бойынша жеңімпаз
оқушылардың тізімін атап өтті. Атап айтсақ:
қазақ тілі пәні бойынша 9-сыныптан Нұрбанбай А,
10-сыныптан Жақсыбекова Аделя, 11-сыныптан Сапарали А,
биология пәні бойынша 9-сыныптан Бердалы Ж, 10-сыныптан
Қайран А, 11-сыныптан Заманбек Ф, химия пәні бойынша
9-сыныптан Сугерова Н, 10-сыныптан Ченбек М, 11-сы-
ныптан Ағабек А, ағылшын тілі пәні бойынша
9-сыныптан Жұмысова А, 10-сыныптан Бертай Т,
11-сыныптан Сейтбек А, математика пәні бойынша

9-сыныптан Нұрлан Н, 10-сыныптан - Таспанова А, 11-сыныптан Жұмашова А, физика пәні бойынша 9-сыныптан Рамазанова Ж, 10-сыныптан Есенжолбек А, 11-сыныптан Тоқтар А, информатика пәнінен 9-сыныптан Сугирова Н, 10-сыныптан Ұлбек М. Анвар Ахтымбек, география пәнінен 9-сыныптан Абдыханова А, 10-сыныптан Есмағамбет А. Қазақстан тарихы пәнінен 9-сыныптан Түңғышбаева Н, құқық негіздерінен 9-сынып бойынша Тохтасунова Ш, 10-сынып бойынша Ермұхан А, 11-сынып бойынша Дүйсен А деген оқушылар I орын иегері атанып, ауданның олимпиадасына жолдама алды.

Үйде оқытылатын оқушылардың психологиялық ахуалы туралы мектеп психологы Ф. Еспулганова айтып өтті. Біздің мектепті үйде оқытылатын 2 оқушы бар. Асылбек Сабина - 9 "А" сынып, Байбаков Даулет - 10 "А" сынып оқушысы. Асылбек С. жеңіл ақыл-ой кемістігі бойынша, Байбаков Д. жалпы орта мектеп бағдарламасы бойынша оқытылады. Екеуі де әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балалары. Оларға үкімет тарапынан да, мектеп тарапынан да көмек көрсетіліп отырады. Пән мұғалімдері өздеріне тиісті сабақ кестесі бойынша сабақтарын өтуде.

Мектептегі ағылшын тілінің оқытылуын зерделеген мұғалімдер Г. Мусаева - орыс тілі пәнінің мұғалімі, тәжірибелі ұстаз. Ол ағылшын тілі пәнінің мұғалімі М. Сергазиеваның бірнеше сабақтарына еніп, зерделеген.

37 Сергазиева Махбал апай өз сабақтарында оқу-

шыларды топқа бөліп өткен. Түрлі әдістерді қолданып, жеке, топтық жұмыстар жүргізген. Көрнекілік құралдарды тиімді, бағалау стикерлерін орынды, уақытты ұтымды пайдаланған. Ал, ағылшын тілі пән бірлестік жетекшісі М. Тажиханова ағылшын тілі мұғалімі - Ж. Сүйерованың сабақтарын зерттеген. Сүйерова Жанар апай өз сабақтарында слайдтарды кеңінен пайдаланған. Диалог жұмыстарын жиі ұйымдастырған, аудио, видеотаспаларды, жалпы АКТ-ны жақсы пайдаланған. Оқушылардың жақсы тіл табысады, үлестірмелі көрнекіліктерді қозғалтып қолданған.

Жоғары сыныптан математика пән мұғалімі М. Назарова баяндамаларды тыңдай отырып, жұмысқа деген құлшынысы арта түсті, осындай тәжірибелі ұстаздардан үйренеріміз көп,- десе, қазақ тілі пән мұғалімі Г. Абдікадырова биылғы 11-сыныптың ҰБТ-ға дайындық жұмыстарына көңілі толатынын жеткізді. Ал, тәжірибелі ұстаз Н. Насыратова бастауыш сыныптарда осындай онкүндік, тағы да басқа іс-шараларды көбірек өткізсе, жас бүлдіршіндер орта буын сыныпқа өткенде еш қиналмайтынын атап өтті. Мектепішілік пән олимпиадасына бесінші оқушылар ерекше талпыныспен қатысты,-деді тарих пәні мұғалімі - Е. Толегенұлы- оларға ауданда да сәттілік тіледі. Әлбетте, одан әрі республикаға өтуіне дайындықтың күшейтуіне ұстаздар қауымын бірлікке үндеді.

Әдістемелік кеңес отырысы берері мол, нәтижелі жаңа ашар жиын болды. Ұстаздар қауымын жаңа оқу тоқсанына құлшыныспен, жұмыс істеуге деген мотивациясын арттырып кетті.

Әдістемелік кеңесте қабылданған

## ҰСЫНЫСТАР!

1. Бастауыш сыныптарда өтілген қазақ тілі онкүндігі қанағаттанарлық деп табылсын;
2. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жандандырылсын;
3. PIZA- халықаралық зерттеуге дайындық жұмыстары деңгейі қанағаттанарлық деп табылсын;
4. Аудандық пән олимпиадасына іріктелген оқушылармен жұмыс күшейтілсін;
5. Үйде оқытылатын оқушылармен үнемі қарым-қатынас психологиялық тұрғыда беріліп тұрсын;
6. Мектептегі ағылшын тілі пәнін оқытылуы деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Кеңес төрайымы: [signature] А. Алибекова
Кеңес хатшысы: [signature] Р. Жеркебекова

№3 Ғ. Молдағұлова жалпы орта мектебінің
кезектен тыс әдістемелік кеңесінің

## №3 Хаттамасы

Абай ауылы
08.12. 2022ж.

Барлығы - 55
Қатысқандар - 50
Қатыспағандар - 5

## Күн тәртібінде:

1. „Bilimland."KZ" ұлттық цифрлық білім беру платформасының тиімділігін түсіндіру;

Жиналысты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Әлимбекова ашып, жиынның басты мақсат-міндеттерімен таныстырды. 11.11.2022 жылы білім беру ұйымдарына арналған „Bilimland.kz" ұлттық цифрлық білім беру платформасының енгізілуі туралы жиналыс өткізілді. Сол сәттен бастап „Bilimland.kz" платформасында электронды журналды жүргізу қолға алынды. 2022-2023 оқу жылының II тоқсанынан бастап „Bilimland.kz" цифрлық білім беру платформасына қосылу туралы педкеңестің шешімін қабылданып, іске қосылғандығын мәлімдеді. Сол бойынша түсіндіру туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Ботабеков сөз алды. Ол өз сөзінде 2022-2023 оқу жылының II тоқсанынан бастап аудандағы барлық орта білім беру ұйымдарына „Bilimland.kz" цифрлық білім беру платформасына 100% тегін қосылып, 37 пән бойынша қазақ және орыс тілдерінде 25 мыңға жуық цифрлық сабақтар, 100 мыңнан астам интерактивті

тапсырмалар жинағы, мыңнан аса ғылыми фильмдер және 77 мыңнан аса ҰБТ және қорытынды аттестаттауға дайындайтын тест тапсырмаларынан тұратын білім беру ресурстарын оқу процесінде қолданып жұмыс жүргізуді тапсырғандығын атап өтті.
„Bilimland.kz" платформасында жұмыс жүргізу барысында аса ұқыптылықпен толтыру керек, қатаң есептегі құжат екендігі ескертілді. Оқушыларды да 100% цифрлық білім беру платформасына қатыстырып, тапсырмаларды орындату мақсатында ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы, қолға алу керектігі айтылды.
„Bilimland.kz" ұлттық цифрлық білім беру платформасында жұмыс жүргізуді бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Ағылшын тілі пәні мұғалімі М.Серғазиеваға сөз берілді. Ол өз сөзінде жіберілген кемшіліктерді саралап, оларды жою, ретке келтіру жолдарын түсіндірді. Жауапты маман ретінде IT-инженері Ұ.Иманов бекітілді. Жіберілген кемшіліктер тез арада жойылып, талапқа сай жұмыс жүргізу туралы айтылды.

Жиын „Bilimland.kz" ұлттық цифрлық білім беру платформасында жұмыс жасауда жаңа қою жөніндегі өте тиімді жиын болд

№3 Ғ.Молдағұлова жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының
№ 4 Хаттамасы

Абай ауылы
05.01.2023 ж.

Барлығы – 55
Қатысқаны – 52
Қатыспағаны – 3

Күн тәртібінде:

1. Орыс тілі мен әдебиеті пәндерін зерделеу қорытындысы туралы;
(Баяндамашы: А.Алибекова)
2. Сабақты зерттеу – мұғалімнің ұтысын арттыру. (Баяндамашы: қазақ тілі пән мұғалімі – Р.Керимбекова)
3. „Оқушылардың білім сапасын арттыру, сабақты талдау – мұғалімнің әдістемелік шеберлігін арттырады." Семинар сабағы. (Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері)
4. Курстан кейінгі талдау. „Біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі өзгерістер, іс-тәжірибелер, іс-тәжірибелер, жаңашылдық" (Баяндамашы: қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі: Н.Жасуратова)

Жиынды әдістемелік кеңес төрайымы – А.Алибекова ашып, ұстаздарды кіріп келген жаңа жылымызбен құттықтады. 1-жарты-жылдықты аман-есен аяқтап, біршама жетістіктерді игердік, енді екінші жарты-жылдықта да тынбай еңбектенуге шақырды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе - орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің зерделеу қорытындысы туралы өзі жалғастырып кетті: Зерделеу 10.11-31.11 2022 жылы күндері аралығында жүргізілген. Жалпы орыс тілі бірлестігінде 6 мұғалім жұмыс жасайды. Педагог-зерттеуші - 2, педагог-сарапшы - 2, педагог-модератор-1, педагог - 1. Біліктілік курсынан 2019-2020 оқу жылында 5 мұғалім, 2020-2021 оқу жылында 1 мұғалім өткен. Пән бірлестік жұмысы жақсы қойылған. Мақсат-міндет, жоспарлар талапқа сай жазылып, бекітілген. Озық тәжірибелерді тарату бойынша педагог-зерттеуші Мусаева Гүлзен Фуандықызының тәжірибесі жинақталып жатыр. Мектепішілік пән олимпиадасы өткізіліп, хаттамасы, материалы жинақталған. Мұғалімдердің оқу жүктемесіне сай КТП-лары бар. Бақылау күндері өткізілетін іс-шара жоспары бекітілген. Бірлестік жетекшісі - Г. Мусаева 7 „А" сыныбында „Существительные общего рода" тақырыбында сабақ өтті. Оқушылардың сабақты жақсы меңгергенін олардың белсенділігінен аңғардық. Тәсілдер өте тиімді болды. Педагог-зерттеуші М. Ергешова 3 „Б" сыныбында „Архитектура. Такие разные дома" тақырыбында сабақ өтті. Көрнекі құралдар қолданып, жас ерекшелігін ескеріп, әр дұрыс жауапқа кәмпит бере отырып, бағалап, оқушылар қызығушылығын оятты. Келесі сабақты педагог-сарапшы Г. Шыныбаева 8 „А" сыныбында „Вперед к звездам!" тақырыбында АКТ-ны пайдалана отырып өтті. Бағалау парағы

уақтылы берілмеді, мәтінді мұғалім оқулықтан
оқып берді. Оқушылар өздеріне берілген тапсырманы
қорғау барысында басқа қосымша материалда
қоса баяндап кетті. Келесі сабақты 6 „А" сыны-
бында „Как образуются осадки" тақырыбында
Ж. Бекмуратова өтті. Сабақ жақсы өтті, пән-
аралық байланыс болды. Оқушылар тақырыпты
жақсы меңгерді. Дегенмен мұғалім анықта-
маны оқулықтан оқып берді, қалыптастырушы
баға мадақтама ретінде айтылды. А. Тажирова
9 „А" сыныбында „Система образов в повести
А.С. Пушкина „Капитанская дочка" тақырыбында
өтті. Мұғалім сабақты топқа бөліп өтті.
Түрлі әдіс-тәсілдер қолданды. Видеопрезента-
ция көрсетіліп, қызығушылықтарын оятты.
Г. Бигабилова 3 „А" сыныбында „Круглый год"
тақырыбындағы сабағында саяхат сабақ түріне
көрсетті. Үй тапсырмасы сұралмады. Мәтінде
өзі түсіндірместен, оқушыға оқытты. „Болжау"
әдісі арқылы тақырыпты оқушылардың өздеріне
таптырды. Жалпы пән мұғалімдерінің
сабақтары жақсы өтті, дегенмен сөздік
қорды молайтуға, [illegible] жұмысты
күшейтсе деген ұсыныс бар. Осы ашық сабақ-
тардан соң 28.11-02.12.2022ж. аралығында
„Язык - мост дружбы" тақырыбында пән
апталығы өткізілді. Мектеп фойесі орыс
ертегілері кейіпкерлері, шарлармен безендірілді

орыс халқының дәм-тұзы ұсынылды. 1-4-сынып-тар арасында „В мире сказок", ал 5-11-сыныптар арасында „Королевство Грамматики" тақырыбында қабырға газеттері шығарылды. „Удивительный мир слов" атты лингвистикалық марафон, „Ух русский язык" атты сайыс, „ЗОЖ: мода или необходимость" тақырыбында дебат, „Умники и умницы" атты сайыс, „Язык - к знанию ключ" атты сайыс, „Морской бой" атты интеллектуалды-тапқырлық ойын сабақтар өткізілді. Апталық соңында барлық іс-шаралар қорытындыланып, марапатталды.

Екінші кезең бойынша „Сабақты зерттеу - мұғалім үшін арттыру" тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Р.Черешбекова өз зерттеуін 5-сыныптар сабақтарын зерттегенін айтты, Себебі бастауыш сыныптан кейін оқушының жоғары сынып-қа өткен кездегі әр пәнге әр мұғалім сабақ өтуі олардың бейімделу кезінен бастап кешкен, пәнге деген, сабаққа деген қызығушылығын аустауын көрсетті екен. Алдымен тізбектелген сабақтардың жоспары жасалды. Әр пән бойынша екі немесе үш сабақ бойынша оқушылардың білім алуын бақылау, бақылауға L.S. зерттеу тобын құру. Тіптамы мұғалімдер өзіне бекітілген А.В.С. оқушыларды бақылады. 4 пән нысанға алынды: 1. Қазақ тілі. 2. Орыс тілі. 3. Жаратылыстану. 4. Математика.

5 „Г" сыныбында қазақ тілі пәні мұғалімі Г.Абдекадырованың „Асан қайғының жерге айтқан сыны" атты сабағында осы үш оқушыны зерттеп,

2-сабақты бірлесе жоспарладық, сәтсіз тұстарын ескеріп, әдіс-тәсілдерді өзгерттік. Келесі сабақта ол оқушысының сабаққа деген белсенділігі артқанын байқадық. Осылайша келесі пәндер, келесі сабақтар зерттелді. Жалпы „Lesson Stadi" мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттырумен қатар оқушыға білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы екеніне көзіміз жетті.

Мектебімізде орыс тілі пәндерінің оқу ісінің меңгерушісінің іс-жоспарына сәйкес „Оқушылардың білім сапасын арттыру, сабақты талдау-мұғалімнің әдістемелік шеберлігін арттыру" тақырыбында семинар сабақ өтілді. Бұл туралы орыс тілі бірлестік жетекшісі Г.Мусаева баяндады. Семинарға 14 мұғалім қатысқан. 12:20-да Ж.Бекмуратова „Знаменитости и спорт" тақырыбында 7„Э" сыныбында, Г.Мусаева „Оқушылардың білім сапасын арттыру" тақырыбында жас мамандармен шебер-сынып өтті. 14:10-да М.Ергешова „Все профессии важны" тақырыбында 4„Я" сыныбында ашық сабақ, одан соң „Применение активных методов обучения на уроках в начальной школе" тақырыбында шебер сабақ өткен. Сабақтар түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, өз деңгейінде өтті.

Курс оқып қайтқан әріптестеріміз өзінің оқып үйренгендерімен ұстаздармен бөлісу үшін

мектепке келіп жиналыс өткізу керек. Сол мақсатта қазақ тілі пән мұғалімі Н. Қосмұратова „Біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктері, өзгерістер, іс-тәжірибелер, жаңашылдық" атты педагогикалық шеберхана сабақтарын өтті. Қазіргі таңда қазақстандық мектептің алдында жаһандық білім беру кеңістігіндегі секілді зерттеулер мен жаңалықтар ашудың ғасырына ену үшін білім берудің жаңа көзқарасты қалыптастыру, ойлау, оқыту, жұмыс істеу, шығармашылық және жалпы алғанда, өмір сүру әдіснамасын қайта қарау міндеті тұр. Қосмұратова Н. өз сабағында зерттестеріне „Қанатты барыс" мультфильмін тыңдатып, өз болжамдарын айтқызған. Ы. Алтынсаринның әңгімелерін оқытып-жүп, іштей „Кім? Не? Қашан? Қайда? Қалай?" сұрақтарына жауап тапқызған. Мәтіндегі кейіпкерлерге „Эмоция кестесі" әдіс арқылы жасатқан. Осындай іс-шаралар арқылы педагогтардың кәсіби өсуіне, кездескен мәселелерді оңтайлы шешуге көмектескен.

Жиынға көтерілген мәселелер бойынша жарыссөзге шыққан Е. Толегенұлы орыс тілі пән мұғалімдеріне шексіз алғысын білдірді, олардың өткізген іс-шараларының оқушы білімінің өсуіне үлкен ықпалын тигізетіндігін айтты. Н. Бегабеков Lesson Study сабақтарының 5-сыныптан өткізілуі-өте керекті шара екенін айтып, Р. Үлмекенованың жұмысының тиімді екенін айтса, Н. Қосмұратоваға жұмысына шығармашылық тіледі.

Әдістемелік кеңесте айтылған ұсыныстар:

1. Орыс тілі пән мұғалімдерінің зерделеу жұмысы жақсы деп бағаланса;
2. Мектепте Lesson Study сабақтарын әрі қарай дамыту жалғастырылса;
3. Орыс тілі пән мұғалімдерінің жұмыс алып баруы, семинар өткізуі жоғары дәрежеде деп есептелсе;
4. Курстан кейінгі қолдау мектепте өз жалғасын табуы дәстүрлі қолға алынса;

Кеңес төрайымы: А. Әлибекова

Кеңес хатшысы: Керимбекова.

№3 Ә.Молдағұлова жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының
№5 Хаттамасы

Абай ауылы
24.03.2023ж.

Барлығы – 56
Қатысқаны – 51
Қатыспағаны – 5

Күн тәртібінде:

1. Физика, математика, информатика пәндерінің оқытылуы туралы (А. Әлибекова.)
2. Бастауыш сыныптар бірлестігінің 3-тоқсанда атқарылған жұмыстар есебі. (А. Тұрсынбаева.)
3. Көркем еңбек пәні онкүндігінің өткізілуі туралы. (А. Әлибекова.)
4. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының барысы туралы. (М. Серғазиева.)

Жиында әдістемелік кеңес төрайымы А. Әлибекова ашып, ұжымды 3-тоқсанды табысты аяқтауымен құттықтады. Бұдан да биік белестерге өрлеу керектігін ескертіп, ұстаздар еңбегіне табыс тіледі, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Мектепте физика, математика, информатика пәндерінің оқытылуын бақылау туралы бұйрық шыққан. 16.01–05.02.2023ж. күндері аралығында бақылау жүреді, комиссия құрамы 7 адамнан бекітілген. Комиссия мүшелеріне осы бірлестік мүшелеріне сабағына ену, бақылау жүктелді. Н. Жандыбаева өзіне бекітілген Әлибекова Гүлжанның сабағына енген. Осы бақылау барысында 6 „А" сыныбындағы „IDE" мен танысу" атты

сабағында Гүлхан апай өз тобында сабақты слайд арқылы түсіндірген, оқушылар программа тартқанда уақыттан ұтылған. Ал 6 „Ә"-сыныбындағы сабағын-да „Деректер типтері" тақырыбын қарастырған. Қор-некіліктерде „онлайн мектеп" тапсырмаларынан алған. Оқушылар материалды жақсы меңгерген. Қабілеті төмен оқушылармен жұмысты күшейту керек. Әлибекова Г.- 11 жыл еңбек өтілі бар ұстаз болса, Қ. Иманов - жас маман. Қанат ағай 2 „А" сыныбына „Дыбыс жазу" тақырыбында сабақ өткен. „Түртіп алу" стратегиясы бойынша термин сөздер мен негізгі ұғымдармен таныстырған. Бейнетаспа түрінде сабақты тү-сіндіріп, практикалық түрде компьютерде орында-тып, өздеріне жасап көруге, жазуға үйреткен. 3 „Ә" сыныбындағы сабағын „Қайталанатын үлгілер" тақырыбында өткен. Сабақта сурет салу құрылғыла-рын анықтау, құрылғылардың міндетін сәйкестендіру, графикалық редактордың меню командаларын қиып алу, көшіру, қою, бұру, түстер палитрасы қызметі сияқты жұмыстар жүргізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестік жетекшісі - Р. Керимбекова жас маман Мохира Назарованың сабақтарына енген. Мохира апай 7 „Ә" сыныбында „Қысқаша көбейту формулалары" тақырыбында сабақ өтті. Сабақта топтан сұрау, „сөз" деп сөйлеу, қате шығарған-дарға бағыт беріп отыру әдістері ерекше ұнады. 9 „А" сыныбында „Қос және өсарты бұрыштар" тақырыбында сабақ өтті. Бұл сыныпта сабақ

орта деңгейде өткен. Мохира жас маман болғандық-
тан тәжірибе ұстаздардан әдіс-тәсілдер үйрену, нашар
оқушылармен жұмысты күшейту ескертілді. Шандыбаева Н.
апайдың сабағына биология пән бірлестігі жетекшісі Г.Сапа-
баева енген. Надат апай 8 „А" сыныбында „Төртбұрыштар
мен үшбұрыштар" тақырыбында сабақ өткен. 5 „Ә" сыныбында
„Ондық бөлшектер" тақырыбында сабақ өткен. Тәжірибелі
ұстаз өз сабақтарында түрлі көрнекіліктер мен әдіс-тә-
сілдер қолданып, жоғары деңгейде өткен. Ш.Алтаева
Әдіп Мақпал апайдың сабақтарына енген. 6 „Б" сыныбында
„Санды теңсіздіктің қасиеттері", „Бір айнымалысы бар
сызықтық теңсіздік" тақырыбында сабақтар өткен.
Сабақты слайд арқылы өтіп, топтап тапсырма берді.
Қабілеті төмен оқушылармен жұмыс төмен болды.

Бастауыш сыныптар бірлестігінің 3-тоқсандағы
жұмыс барысы туралы бірлестік жетекшісі А.Тұр-
сынбаева былай деді: Бірлестікте 15 мұғалім бар,
педагог-сарапшы-4, педагог-модератор-6, санатсыз
мұғалімдер-5. Бірлестік отырысында екінші жарты-
жылдықтың жоспары бекітілді. Осы жоспар бойынша
мұғалімдер ашық сабақтар тізбегін өтті. „Алтын
сақа" олимпиадасына мектепішілік кезеңнен бірнеше оқушы
аудандық кезеңге, бір оқушы - Тәшімбет.Н облыстық
кезеңге өтті. 1-сыныптар бірігіп, анасы мен қызы арасында
„Қыз еркем, анасымен көркем" тақырыбында сайыс өткізіп,
қыз тәрбиесіндегі ана рөлін айқындады. 2-сыныптар бірігіп,
„Қош келдің, Әз-Наурыз" тақырыбында іс-шара өтіп,
Наурыздың ерекше тойлау дәстүрін паш етті.

Мектепте көркем еңбек пәні онкүндігінің өткізілуі туралы А. Амибекова есеп берді. Бұйрыққа сәйкес бұл іс-шара 23.01-03.02.23ж. күндері өткізілді. Онкүндік „Әлем балалар көзімен" тақырыбында өтті. Жоспар өте қызықты, тартымды болып құрылып, өтті. Оқушылар әр сайыстың шартына сай көркем бұйымдарын жасап, суреттер салып бәсеке қатысты. Онкүндік соңында бүкіл жұмыстар бағаланып, оқушылар марапатталды.

Мектептегі ҰБТ-ға дайындық жұмыстары туралы 11 „А" сынып жетекшісі М. Сергазиева сөз алды. 11 „А" сыныпта 29 оқушы бар, оның ішінде 1 оқушы ҰБТ тестіне қатыспайды. Қосымша сабақтар кестесі түзілген. Жүйелі түрде сынақ тесттері алынып, мұғалімдер мен оқушылармен таңдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бейіндік 2 пән таңдалып, дайындық жұмысы қарқында өтуде. Тест мониторингін сараптай келгенде математикалық сауаттылық пәні бойынша шекті деңгейге жетпеген және төмен балл алған оқушылар бар. Сол үшін осы пәннен дайындықты күшейту керек. Қаңтар мен наурыз ҰБТ мониторингісінде өсу байқалады. 47,46 балдан 49,33 балға өскен.

Баяндалған мәселелер бойынша жарыссөзге шыққан Н. Қосмұратова кеңестің жоспары өте жақсы құрылған, сол бойынша жұмыс жүргізу өте тиімді, физика, математика, информатика пәндерін бақылау жұмысы өте

ұқыпты жүргізілген, көңілі толатынын айтты. Жалпы біздің бастауыш - білім негізі екендігін айтып, баспалдақ-қа бастауыш сыныптар бірлестігі абыройлы, табанды, жемісті жұмыс жүргізіп келе жатқанын Н. Шарипбаева айтып, рахметін жаудырды. Көркем еңбек пәнінің оқулығына, балалардың шығармашылық қабілетін арттыруда көп еңбек сіңірген А. Назарова, А. Тұрсынбаева, Ж. Дүйсебаевтың оқулықтарын ерекше атауға болады,- деді М. Тапсиманова. ҰБТ - бүкіл мектеп ұжымының, оқушыларының білімінің шыңы, жетер биігі деп, ҰБТ жұмысына көңілі толатынын биология пән мұғалімі И. Картекова айтты.

Жиын өте бір тәсілде бірліктей мазмұнды өтті.

Әдістемелік кеңесте айтылған ұсыныстар;

1. Физика, математика, информатика пәндерінің оқытылуы жақсы деңгейде деп табылса;
2. Бастауыш сыныптар бірлестігінің жұмысы жоғары дәрежеде деп бағаланса;
3. Көркем еңбек пәнінің оқулығы өзінің мазмұнды, өте маңызды деп табылса;
4. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары, соның ішінде математикалық сауаттылық пәні бойынша жұмыс күшейтілсе.

Кеңес төрайымы: [signature] А. Аминбекова
Кеңес хатшысы: [signature] Р. Кеңесбекова

№3 Ә.Молдағұлова жалпы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының
№6 Хаттамасы

2.06.2023 ж

Барлығы - 56
Қатысқаны - 52
Қатыспағаны - 4

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылындағы оқу үлгерімінің қорытындысы (ДОІЖО А.Алибекова)
2. Пән бірлестік жетекшілерінің жылдық қорытынды есептері (Бірлестік жетекшілері)
3. Озат тәжірибе тарату бойынша ақпараттық есеп. (Орыс тілі мен әд. пәні мұғ. Г.Мусаева)
4. Кәсіби бағдар беруші педагогтың атқарылған жылдың жұмысы есебі (М.Сатыбекова)
5. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының жылдық қорытындысы (А.Алибекова)

Жиындағы әдістемелік кеңес төрайымы - А.Алибекова ашып, ұстаздарды оқу жылының табысты аяқталуымен құттықтады және кеңес отырысының күн тәртібімен таныстырды.

Алғашқы мәселе бойынша да өзі оқу ісі меңгерушісі А.Алибекова сөз алды. IV тоқсан қорытындысына сүйенсек, мектепте 591 оқушы білім алған. Оның екеуі денсаулығына байланысты үйде оқытылады.

Үздік оқитын оқушылар - 86, жақсы оқитын оқушылар - 157, қанағаттанарлық дәрежеде оқитын оқушылар - 242 оқушы. Білім сапасы - 48,5%, орташа балл - 3.8.

Ең жоғары дәрежеде білім сапасын көрсеткен сыныптар:

1. 10 „А" сыныбы - 67%, сын. жет: Картекова. Г.
2. 4 „А" сыныбы - 65%, сын. жет: Турсынбаева Ш.
3. 3 „А" сыныбы - 64%, сын. жет: Турсынбаева А.
4. 3 „Ә" сыныбы - 60%, сын. жет: Досымбетова Р.

Ең төмен дәрежеде білім сапасын көрсеткен сыныптар:

1. 9 „Б" сыныбы - 28%, сын. жет: Құрманалиев. Р.
2. 8 „Ә" сыныбы - 23%, сын. жет: Усеров. С.
3. 5 „Б" сыныбы - 29%, сын. жет: Тажиханова. А.

Бірлестік жетекшілері өз кезінде әр бірлестіктегі жұмыстар барысын атап көрсетті. Математика бірлестігінде биылғы оқу жылында 8 мұғалім жұмыс атқарған. Оқушылар аудандық олимпиадаға топ жарған. Физика пәні бойынша 11-сын. оқушысы Елтаған А. 1-орын, информатика пәнінен 11-сынып оқушысы Құтушова А. 2-орын, 7-8-сын. арасында информатика пәні бойынша 7-сын. оқушысы Суатахан Ж. 1-орын, 8-сынып оқушысы Әбдіхакимов И. 1-орын, физика пәні бойынша 7-сынып оқушысы Бекжан. М. 2-орын алды. Сонымен қатар 23 Аммиак қаласының Жәутіков олимпиадасында Әбдіхакимов. И. 1-орын алып, Республикалық олимпиадаға Мақтау қағазына ие болған. 16 қараша күні математика-физика пәндерінен

аймақтық семинар өз мектебімізде, өңіріміздің мұғалімдері өткен. Семинарда 5 пән мұғалімі сырттан келген аймақ мұғалімдерін қатыстыра отырып түрлі әдістерді қолдана отырып шебер-сабақтар, коучингтер өтіп, оң бағасын алған. Семинар өте жоғары деңгейде өтіп, ұстаздар қанағаттанушылығын ту-ғызған. „Алтын сақа" матем-қ олимпиадасында Батырбек Н. аймақта 1-орын, облыста 2-орын алған. Бірлестік мұғалімдерінің бесеуі оқу жылында қорытындыны „Алғысқа толы", табыспен аяқтап отыр.

Тарих-география бірлестігінің жетекшісі - Г. Бағабек жылдық жоспарына сай жұмыс жүр-гендігін айтты. Жоспарға сай ашық сабақтар өтілген. 11-сынып оқушысы Анарбаева Э. „Ясауитану-2022" олимпиадасында ауданда 1-орын, облыста 3-орын алған. Басқа да оқушылар түрлі сайыстарға қатысып, орын-дар иеленген.

Орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестігіндегі жұмыс барысын Г. Мусаева таныстырды. Бірлестікте 6 мұғалім бар. 5-қыркүйек - "ҚР Тілдер мере-кесіне орай апталық өткен. Осы апталық іс-шара бірлестік мүшелері түгел белсене атсалысып, әр түрлі сайыс, ашық сабақтар, турнирлер өткізді. 9 „Ә" сынып оқушылары „Ясауи мұрасының түркі еліне насихатталуы" тақырыбында эссе

жазып, аудандық 3-орын иегері болып, „Что за прелесть эти сказки Самуила Маршака" тақырыбында 6 „А" сын. оқушысы Жумагулова С. жазып, аудандық 2-орын иегері атанды. Ауданның пән олимпиадасында Рамазанова Ж. 2-орын, 10 „А" сын. оқушысы Жусіпбек А. 2-орын, 11-сын. оқушысы Ақберді А. 2-орын алды. 28 қараша - 2 желтоқсан аралығында „Язык - мост дружбы" атты апталық өткен. Ұстаздар жоспарға сай түрлі сайыс, дебат, зияткерлік марафон, интеллектуалды-танымдық ойындар өткізіп оқушылардың таным көкжиегін, білім деңгейін жоғары көтерді десе де болады. Ауданның „Туған жер оқулары" байқауында мәнерлеп оқудан „Анаға хат", 2-орын, сахналық көріністе 3-орын жеңіп алған. Осы марапаттардың бәрі де бірлестік мұғалімдерінің ізденімпаз, бірлесіп жұмыс жасап бара жатқанының көрінісі.

Ағылшын тілі бірлестігінің жетекшісі М. Тажиханова өз кезінде бірлестігінің жұмысын қорытты; Пәндік олимпиадада қатысқан оқушылар аудандық кезеңде жүлделі орындар алған. Ал облыстық кезеңде орынға ілінген: 10-сын. оқушысы Ералиева Б. 3-орын. Ашық сабақтар жоспарға сай өткізілген. Мұғалімдер арасындағы пәндік олимпиадада Сарғажиева М. апай 3-орын алған.

Бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі А. Тұрсынбаева бірлестіктің жұмысын баяндап өтті; 03-14 қазан аралығында „Қазақ тілім-мақтанышым"

атты онкүндік өткізілген. Сайыстар, жас жазу байқаулары, диктанттар байқауы, ашық сабақтар өтіп оқушылардың терең қызығушылығын тудырып, білім деңгейін көтерген. 8 наурыз мерекесіне орай „Қыз еркем, анасымен көркем" тақырыбында сайыс пен „Қош келдің 8-Наурыз" тақырыбындағы іс-шаралар ерекше атап өтті.

Биология-химия бірлестігінің жетекшісі Сапарбаева Г. бірлестікте жүргізілген жұмыстар бойынша айтты; 19-28 қазан аралығында „Биология, химия ғажайыптары" атты апталық іс-шара өткен. Ұстаздар түрлі ашық сабақтар, сайыс сабақтар, интеллектуалды ойын сабақтар өткен. Оқушылар белсене қатысқан. Жоғарғы сат ашық сабақтар өткізілді. Оқушылар олимпиадада қатысып, аудан көлемінде орындар алған.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г. Мусаева өзінің озат тәжірибе жинақтау және тарату бойынша шығармашылық есебін берді. Тақырыбы - „Развитие творческих способностей учащихся через разнообразные формы и методы на уроках русского языка и литературы". Мақсаты: түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың орыс тіліне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, білік, білім, дағды қалыптастыру. Мұғалім осы мақсатта түрлі ашық сабақтар, шебер-сынып, коучинг өткен, баянда-

малар өткен. Өзі де, оқушылары да аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, орындар иеленген.

Кәсіби бағдар беруші педагог М. Сатымбекова өз есебінде бұл сала бойынша жұмыс жасау елімізде биыл алғаш рет қолға алынғанын айтты. Жоспар жасап, оқушылар тізімін алып, 9-10-11-сынып оқушыларынан мамандық таңдау дайындығын анықтау сауалнамасын алудан бастағанын айтты. Одан соң тест алып, оқушылардың өз мамандығын қалай таңдап отырғандығын, ата-анасы үшін нені өз таңдауы екенін білген. 9-11-сынып оқушыларынан „Дж. Холланд сауалнамасы" алынып, олар түрлі тестке бөлінген. Оқушылар онлайн желі арқылы, конференцияға қатысқан. Ұстаз аудандық семинарда коучинг-сабақ өткен. Әр әдістеме бойынша оқушыға тест жасап, бақылаған. XXI ғасырда сұранысқа ие болатын мамандықтармен оқушыларды да, ата-ананы да терең қуаттандырып, дұрыс бағыт беруге барынша жұмыс жасаған.

Жалпы, әдістемелік кеңестің жұмысы туралы барлығын жинақтаған кезде А. Алпысбекова ұстаздардың өзіне берілген міндетті мүлтіксіз орындағандарына, тіпті, жоғары дәрежеде орындап, оқушы мүмкіндігін жоғары деңгейге көтергеніне ерекше ризашылығын білдіріп, кеңес жұмысын оң бағалады.

Жарыссөзге шыққан Н. Шалқарбаева бірлестік мүшелеріне де, барлық ұстаздарға да өткен еңбектеріне орай өз марапаттарын алған барша ұжымға алғысын білдіріп, бірлікте болуға шақырды.

## Әдістемелік кеңесте айтылған ұсыныстар:

1. 2022-2023 оқу жылындағы білім сапасы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Демалыс кезінде әдеби кітаптар оқу қарастырылсын;
3. Төмен деңгейде білім сапасын көрсеткен сынып жетекшілеріне тәртіптік шара көрілсін;
4. Пән кабинеттері керекті жабдықтармен толық қамтамасыз етілсін;
5. Жетістікке жеткен мұғалімдер марапатталсын;
6. Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Г.Мусаеваның ашық тәжірибе тарату бойынша есебі жоғары дәрежеде деп табылсын;
7. Кәсіби бағдар беруші педагог М.Сатылбекова жұмысы жақсы қойылған деп табылсын;
8. Әдістемелік кеңес жұмысы жақсы деп бағалансын;

Кеңес төрайымы: А.Аманбекова

Кеңес хатшысы: Р.Жарылқасынова

№3 Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебінің
әдістемелік кеңес отырысының
№1 Хаттамасы

28.08.2023 ж.

Барлығы - 54
Қатысқаны - 51
Қатыспағаны - 3

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына мақсаттар мен міндеттер қою, әдістемелік кеңес жұмысының, пән бірлестіктерінің жылдық жұмыс жоспарларын бекіту; А.Алибекова.
2. 2023-2024 оқу жылына оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау беру; А.Алибекова - әдіст. кең. төрағасы.
3. Өткен оқу жылындағы ҰБТ қорытындысы А. Алибекова - оқу ісі меңгерушісі.
4. „Bilimland.kz" сайтындағы өзгерістер. (Қ. Исанов)
5. Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру (А. Алибекова)

Биылғы 2023-2024 оқу жылындағы алғашқы кеңес отырысын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Алибекова ашып, ұстаздарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Қиын да қызықты жұмыстарына сәттілік тіледі. Әдістемелік кеңестің мақсаты мен міндеттерін атап көрсетті. Бізге берілген, жүктелген міндеттерді нақты орындай білсек, мақсатқа жету де қиын емес. Пән бірлестіктерінің жоспарлары қаралып, биылғы мерейтойлық күнтізбені жоспарға енгізу ұсынылды, бірнеше өзгертулер ен

енгізілді, жоспарлар бекітілді.

Келесі мәселе бойынша А.Ахметбекова „2023-2024 оқу жылындағы ҚР-ның орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" Әдістемелік нұсқау хатқа" сүйене отырып баяндады. Білім беру деңгейлері сабақтастығы, яғни, „мектепке дейінгі → бастауыш мектеп → негізгі мектеп → орта мектеп" деңгейлері сабақтастығы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен қамтамасыз етіледі. Әр деңгейден келесі деңгейге өтуде оқушыларға түрлі тренингтер өтуі тиіс, оларға психологиялық қолдау көрсету қажет. Екі деңгейдің ұстаздары бірлескен түрлі іс-шаралар болуы қажет.

Биылғы оқу жылының ерекшелігі - 2-сынып оқушылары үшін шет тілін енгізу. Бастауыш сыныпта екінші тілде оқыту ойын түрінде немесе өз міндетін орындау жағдайында өтуі керек. Бастауыш білім беру деңгейі бойынша „Жаратылыстану" пәнінің оқу жүктемесі 3-4-сыныптарда 1 сағатқа, негізгі орта білім беру деңгейі бойынша „Жаратылыстану" 5-6-сыныптарда, „Алгебра", „Физика", „Химия", „Биология", „Қазақстан тарихы" пәндерінің 7-9 сыныптарда оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді. Вариативтік компонент бойынша: білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз етуге арналған оқу пәндерінің комбинациялары 1 сағат көлемінде ұсынылады. 1-2-сыныптарда „Көркем еңбек" кіріктірілген пәнінің орнына „Еңбекке баулу" және „Бейнелеу өнері

пәндерін жеке оқыту жалғасады; „Цифрлық сауаттылық" пәнін оқыту жалғасады, „Шетел тілі" пәні оқытылмайды. Оқу жылы ұзақтығы - 34 апта, 1-сыныптарда 33 апта. Білім беру процесі - 5 күндік оқу аптасы.

Өткен оқу жылындағы - 2022-2023 оқу жылындағы ҰБТ қорытындысы өте керемет нәтижені көрсетіп отыр. 28 оқушының 18-і грант иегері атанды. Мектебіміз облыстық үздік мектептер қатарына енген! Өткен жылы бітірген түлектер ішінен 5 „Алтын белгі"; 4 „Үздік аттестат" иегерлері шықты. „Алтын белгі" иегерлері - Бақытжанқызы Ж.- 122 балл, Ахарбаева Жанай - 112 балл, Құттымова А.- 109 балл алды. „Алтын белгі" бойынша орта балл - 110, „Үздік аттестат" бойынша орта балл - 79,75-ті көрсетіп отыр. Ең төменгі балды 59 - Ағабекова А, 68 балды - Дүйсен А. алған. Жалпы мониторинг көрсетілді.

„Bilim-land.kz" сайтындағы өзгерістер туралы мектеп инженері - Қ. Иманов айтып өтті. Бұл сайт бірте-бірте қолға алынып, былтырғы кемшіліктер түзеліп, іс жүзінде сынақтан бірнеше графиктер енгізіп отыр. Енді табельді сынып жетекшілер өздері тартып ала береді. Құпиясөзді қайта өзгертуге болады. Тағы да бірнеше сұрақтарға маманнан жауап алынды.

Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру туралы А. Алибекова оның маңыздылығы туралы баса айтты. Мектепішілік бақылау - мектептегі білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі.

Бұл бақылау білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, педагогикалық ұжым жұмысының тиімділігін бағалауға, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін үдайы жетілдіруге бағытталған. Бақылаудың басты міндеті мектептегі әрбір білім алушының оқуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету, проблемалар мен сәйкессіздіктерді анықтап, оларды түзету. Мектепішілік бақылау жоспары ҚРБҒМ-ң 2020 ж. 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес әзірленеді және бекітілді. Бақылауды жоспарлау кезінде SMART мақсат, яғни, нақты, өлшенбелі, орындалатын, маңызды, уақытпен анықталған мақсат қойылады. Мұндай топ мектеп директоры, директордың орынбасарлары, әдістемелік бірлестік басшылары, тәжірибелі педагогтар құралады. Бақылау нәтижелерін дұрыс және сындарлы пайдалану мұғалімдердің кәсібилігінің жоғары деңгейін сақтауға, қолайлы білім беру ортасын құруға және білім алушылардың жетістіктерін арттыруға көмектеседі. Мектеп басшыларының үнемі талдылау өткізуі, кері байланыс беруі және үнемі жетілдіруге деген ұмтылысы мектепішілік бақылау тетіктерінің тиімді жұмыс істеуіне көмектеседі.

Жарыссөзге шыққан Н. Шандыбаева әдістемелік кеңес жұмыс жоспарына көңіл

талатынын айтты. Ұжым болып білімен оқу процесінің ұйымдастырудың ерекшеліктерін түсіністікпен қабылдады. Б. Қайназаров бөлімпен ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының терең ұйымдастырылғанын, соның нәтижесінде жоғары көрсеткіш бергенін айтып, ұстаздар еңбегіне өз ризашылығын білдірді. „Bilimland.kz" сайтындағы өзгерістер күннен-күнге мұғалім, оқушы, ата-ана қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталуда, – деді Э. Сапарова. Мектепішілік бағалауды ұйымдастыру мектептегі маңызды іс, оған ұжым болып демеу беруіміз керек, сол бағалау нәтижесінде жоғары деңгейге көтерілеміз, – деді М. Серғазиева.

Жиын өте тәлім аларлық, тартымды өтті.

Әдістемелік кеңесте айтылған ұсыныстар;

1. Әдістемелік кеңес жұмыс жоспары барлық мәселелерді қамтыған деп табылса;
2. Бірлестіктердің жоспары қанағаттанарлық деп танылса;
3. 2023-2024 оқу жылындағы ЭНК-пен мұғалімдер толық танысса;
4. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарында математ. сауаттылық пәніне көбірек назар аударылса;
5. Мектепішілік бағалауды ұйымдастыру жұмысы жоғары деңгейде деп табылса.

Кеңес төрайымы: [signature] Л. Әлімбекова

Кеңес хатшысы: [signature] Г. Керимбекова

№3 Ғ. Молдағұлова жалпы білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысының

№2 хаттамасы

02.11.2023ж.

Барлығы – 54

Қатысқаны – 52

Қатыспағаны – 2

Күн тәртібінде;

1. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының барысы туралы (Ұ. Қартекова)
2. Мектепішілік олимпиаданың қорытындысы (А. Әлібекова)
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің 2023-2024 о/ж. І тоқсанында атқарған жұмыс есебі (Р. Нұрлыбекова)
4. Ұстаздарды аттестациялаудың жаңа ережелерімен таныстыру (А. Әлібекова)
5. PIZA – халықаралық зерттеуге дайындық жұмыстарының барысы. (М. Үсенбаева)

Жиынды әдістемелік кеңес төрайымы – А. Әлібекова ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен кеңес мүшелерін таныстырып, өте өзекті, кезек күттірмес жұмыс барысын ортаға салды. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жөнінде 11-сынып жетекшісі – Ұ. Қартекова кеңінен мәлімет берді. Жалпы биылғы жылы ҰБТ бойынша 26 оқушы өтініш берген. 5 пән бойынша мектепте өтілетін қосымша сабақ кестесі жасалынған. „Алтын белгі" үміткерлері:

1. Тастанова Аяулым
2. Жусапбек Аружан
3. Бекимхан Назерке
4. Еңбергді Балжан
„Үздік аттестат" үміткерлері:
1. Ұлыбек Мейірім
2. Қошан Аяужібек
3. Серикбаева Айдана
Әр аптаның жұма күні сынақ тесті алынып отыр.
Жалпы пәндер бойынша: 75,8-ді құрап отыр.
9-11-сыныптар арасында ұйымдастырылған республикалық пән олимпиадасының мектепішілік кезеңі қазан айының 11-інен басталды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша: 9-сыныптан Абдукаримова. Ш. 10-сыныптан Жусіпбек Б. 11-сыныптан Жаксыбек. А, орыс тілі пәні бойынша: 9-сыныптан Анвар. С, 10-сыныптан Рамазанова. Ж. 11-сыныптан Ермахан. А, ағылшын тілі пәні бойынша: 9-сыныптан Серікули. Б, 10-сыныптан Абдухалық. А, 11-сыныптан Жусипбек. А, биология пәнінен 9-сыныптан Тыныштық. Д, 10-сыныптан Берданов. Ж, 11-сыныптан Ұлыбек. М, химия пәнінен 9-сынып, Тазай. Н, 10-сынып, Жумданова. Д, 11-сынып Қошан. А, Қазақстан тарихы пәнінен 9-сынып, Турсынбай. Д, 10-сынып Бертай. А, 11-сынып Бертай. К, физика пәнінен 9-сынып Абдулла. Д, 10-сынып, Кутушова. А, 11-сынып Тастанова А. информатика пәнінен 9-сынып Абдухакимов. И, 10-сынып Сугирова Н. 11-сынып, Тұрлыбай А, физика пәнінен 9-сынып Тыныштық. Д, Рамазанова Ж. 11-сыныптан Тастанова А. жолдама алды.

Пән бірлестіктерінің жұмысы I тоқсан бойынша
қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі
Р. Керимбекова өз бірлестігінде атқарылған жұмыс-
тармен көпшілікті таныстырды. Жалпы бірлестікте
6 мұғалім бар. 2 педагог-шебер, 2 зерттеуші, 1 модератор,
1 педагог санатсыз. Бірлестік жоспары түзілген.
Оқу жылы 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері
күні мерекесіне арналған „Мәңгілік ел - мәртебелі тіл"
тақырыбындағы онкүндікпен басталды. Мерейтойлары
аталып отырған Қ. А. Ясауи, Ш. Құдайбердіұлы,
Ж. Аймауытов сияқты зиялыларға арнап түрлі
іс-шаралар жоспар бойынша өткізіліп, оқушы-
лардың білім деңгейін, таным дәрежесін көтеруге
үлкен үлес қосты. Республикалық пән олимпиадасының
мектепішілік кезеңіне қазақ тілі мен әдебиеті пәндері
бойынша оқушылар белсене қатысты. 9-сыныптан
Арынғазы. Г, 10-сыныптан Әуезбек. Б, 11-сыныптан
Жақсыбек А. аудандық жолдама алды. Республика-
лық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңі-
нен 10-сынып оқушысы Абдихалық А. I орын,
жетекшісі- Р. Керимбекова, 9-сынып оқушысы Абди-
карімова Ш. III орын, жетекшісі- А. Тажиханова,
иеленді. Абдихалық А. облыстық кезеңде
III орынға тұрақтап, ақшалай, жүлде алды.
6-сынып оқушысы Жақсылық. Б. I Республикалық
„Мұқағали оқулары" атты онлайн байқауда
I дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі
Н. Қосмұратова. Бірлестік отырысы әр тоқсанда өткізіл

Ұстаздарды аттестациялаудың жаңа ережесімен А. Әлібекова таныстырды:
- Ұстаздарды аттестациялаудың жаңа платформасы ұсынылады;
- Аттестациядан өту үшін онлайн түрде өтініш бере алады;
- Аттестация сұрақтары тек өз пәнінен 100 сұрақ беріледі;
- Аттестациялаудың біліктілік тестін тек педагог-модератор, педагог-сарапшы ғана тапсырады, одан жоғары санатқа тапсыратын әріптестер оқушыларының жетістігімен бағаланады.
- Бұл пилоттық жоба ретінде тек қаңтар айынан бастап еліміздің 4 облысында іске асырылады. Ал, еліміз бойынша тек наурыз айында іске қосылады - деп жоспарланып отыр.
- Біліктілік санатын жоғарылататын келетін әріптестер өз жетістіктерін арнайы өздерінің жеке кабинетінде жүктеп отырады.

PIZA - оқушылардың білім алу жетістіктерін бағалау жөніндегі Халықаралық бағдарлама. Бұл зерттеу 15 жастағы оқушылардың оқу, математика, жаратылыстанудан білім жетістіктерін анықтауды мақсат етіп қойды. Біздің мектептегі PIZA зерттеуі бойынша М. Үсенбаева мынадай мәлімет берді;
Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектепте 15 жаста 42 оқушы бар, оқушылардың функционалдық сауаттылық қорытындысы қыркүйек айында математикалық сауаттылықтан

білім сапасы - 36%-ды, оқу сауаттылығынан 30%-ды, ғылыми-жаратылыстанудан 36%-ды, жалпы білім сапасы - 27%-ды көрсетіп отыр.

Жарыссөзге шыққан мұғалімдер Г. Мусаева:
- ҰБТ дайындық жұмыстары жақсы жүргізіліп отыр, дегенмен әр пән мұғалімі бұл жұмысқа белсене атсалысу керек, - деді. Н. Шандыбаева:
- Мектепішілік олимпиада өте тартысты өтті. Енді аудандық жолдама алғандармен жұмысты күшейту керек, - деді. А. Амибекова қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің жұмысын барынша жүргізе, балалардың білім жетістігін көбейтуге, таным қоржынын көтеруге үлкен көмегін тигізуде, жемісін жыл басынан беріп отыр, облыстан жүлделер алынуда екенін айтып, өз ризашылығын білдірді. Ұстаздарды аттестациялаудың жаңа платформасы көңілімізді қуантып отыр. Әрине, 20, 30 жыл өтілі бар ұстаздар өз пәнінен қысқа мерзімде тест тапсыруының қажеттілігі жоқ-ау! Одан әрі шәкіртінің жетістікке жетуіне күш салғаны дұрыс сияқты. Ұ. Көртекова жас та болса іскер. М. Үсенбаеваның PIZA зерттеу сынамасын жақсы, көңілдегідей деп бағалап, өз көзқарасын білдіріп жас маманға жұмысына сәттілік тіледі.

Жалпы, әдістемелік кеңес отырысы аудандағы да өте қажетті мәселелерді қамтып, ұстаздар көкейінде жүрген сауалдарды қанағаттанды

Әдістемелік кеңесте айтылған ұсыныстар!

1. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары күшейтілсе;
2. Аудандық пән олимпиадасына жолдама алған оқушылармен пән мұғалімдері жеке жұмыс жүргізсе;
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жұмысы жақсы деп бағаланса;
4. Аттестацияға өтініш берген мұғалімдер талапқа сай құжаттарын реттеуге күш салса;
5. PIZA-зерттеуге дайындық жұмыстары жалғасын тапса.

Әдістемелік кеңес төрайымы: [signature] А. Алибекова

Әдістемелік кеңес хатшысы: [signature] Р. Нурлыбекова

№3 Ғ.Молдағұлова жалпы білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысының

## №3 Хаттамасы

4.01.2024ж.

Барлығы – 56

Қатысқаны – 54

Қатыспағаны – 2

## Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сыныптардың оқу жылдамдығын және дәптердің ұсталуын бақылау қорытындысы туралы. (Г.Абдикадирова, А.Такирова)
2. Орыс тілі мен әдебиеті бойынша 9-11-сыныптарда дәптер тексеру қорытындысы бойынша (Мусаева Г. Керимбекова Г. Тажиханова М.)
3. Бастауыш бірлестігінде „Математика – қызықты да сырлы әлем" атты апталықтың есебі (Баст. бірл. жетекшісі - А.Турсынбаева)
4. „Математика пәні бойынша олимпиадаға дайындау" онкүндігінің қорытындысы туралы. (Математика бірл. жетекшісі - Н.Шандыбаева)
5. ББЖМ-ға дайындық жұмыстарын жүргізу (9„А", 9„Ә" сынып жетек.-рі Балабек Г, Қартекова Ұ.)

Әдістемелік кеңес жиынын төрайым А.Алибекова ашып, ұстаздарды І жартыжылдық білім беру мерзіміндегі табысты жұмыс нәтижесімен ұстаздарды құттықтап, алғысын білдірді.

Алғашқы мәселе бойынша комиссия мүшелері қазақ тілі, орыс тілі пән мұғалімдерінен құрал

ған. Жалпы 2-4-сыныптар арасында 8-сынып сарап-
талдан өткен. Әр сынып оқу жылының нормативі
бойынша дәрежеленген. 2-сынып бойынша 40-45 сөз, 3-сынып
бойынша - 60-65 сөз, 4-сынып бойынша 75-80 сөз. Осы
межелеріне жеткендер, жетпегендер түгел толтырылған.
Дәптерлер тексерілгенде де каллиграфияға, грамматикаға,
пунктуацияға үлкен мән беріп тексеріп, талапқа
сай, сай еместігі түгел назарға алынған. Осы
тексеруді назарға алып, жыл соңындағы тексерумен
салыстырып, нәтижесін анықтауға болады.

9-11-сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті пәні
бойынша дәптерлердің жүргізілуін тексеру үшін комиссия
құрылған Мусаева Г, Керимбекова Р, Тажиканова М. осы
ұстаздар дәптерлерді тексеру барысында әр сыныптағы
пән мұғалімі, оқушы саны, дәптер саны, қай оқушы-
ның каллиграфиясы талапқа сай немесе нашар,
үй жұмысын орындауы, мұғалімнің ескертуі, үнемі
бағалап отыруы, дәптерді ұқыпты ұстайтын оқу-
шылар, барлығын түгел бақыланған. Анықтама
жазылып, қол қойылып, тиісті жауапты басшыға
тапсырылған.

Бастауыш бірлестігіндегі „Математика-қызықты-
да сырлы әлем" атты өткен математика пәні апта-
лығының өткізілуі туралы бастауыш сыныптар
бірлестігінің жетекшісі А. Туркенбаева есеп берді.
Бұл апталық туралы бұйрық шығып, жоспар жа-
салып, жауапты адамдар бекітілген. Апталықтың
әрбір күні қызықты жоспарланған. Әрбір сабақ,

жарыс жоғары дәрежеде өтіп, оқушылар белсенділігін арттырған. 1-сыныптар арасында „Қызықты математика" сайысы, 2-сыныптар арасында „Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар" сайысы, 3-сыныптар арасында „Математика әлемі" сайысы, 4-сыныптар арасында „Жас математик" сайысы және 1-4-сыныптар арасында қабырға газеттер шығару бойынша жарыстар өткен. Бұл пән бойынша оқушылар өз білімдерінің жоғарылығын көрсеткен және марапатталған.

„Математика пәні бойынша олимпиадаға дайындау" онкүндігінің өткізілуі туралы бірлестік жетекшісі Н. Шандыбаева баяндады. Мектепішілік бұйрық шыққан, жоспар құрылған. Бұл жоспарда „Алтын сақа" олимпиадасын өткізу, „Жас дарын" олимпиадасын өткізу, „Ауыл" олимпиадасын өткізу, „Кім тапқыр" есептер байқауын өткізу, геометриялық фигуралар жасау, „Теңдеу мен теңсіздіктерді шешу" сайысы сияқты түрлі іс-шара құрылып, шын мәнінде жоғары деңгейде өткен, оқушылар белсене қатысып, білім деңгейіне көтерілуіне тікелей әсер етіп, өз шегіне жеткен, оқушылар марапатталып, барлығының жұмыстары, жұмыс жөнінде фотосуреттер, жазбалар, материалдар жинақталған, апталық өз мақсатына жеткен.

ББЖМ-ға дайындық жұмыстары туралы А. Алибекова өзі сөз алды. Жалпы ББЖМ

үш бағытта АКТ қолдана отырып, өтеді. Оқу сауаттылығын үш тіл бойынша 30 тест тапсырмасы, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география) 2 контекст негізінде 8 тест тапсырмасы, барлығы - 32 тест тапсырмасы, максималды балы - 75 балл, орындау уақыты - 150 мин. (2,5 сағат) Біздің мектепте 9 „А" сыныбында - 25 оқушы, біреуі - үйде оқытылатын оқушы, тест тапсыратындар - 24, 9 „Ә" сыныбында 18 оқушы бар, түгел қатысады. ББЖМ - тест нәтижелері пән бойынша география - 6,6, орыс тілі және әдебиеті - 6,2, биология - 6,8, ағылшын тілі - 6,5, қазақ тілі - 7, мат. сауаттылық - 6,4, физика - 6, химия - 6,2 балл көрсетілген.

Жарыссөзге шыққан ағайлар, апайлар арасында Н. Қасымуратова қазақ тілі пән мұғалімі ретінде бастауыш сыныптарда өткізілген дәптер тексеру, оқу сауаттылығы, жылдамдығын бақылау өте үлкен салмағы бар, білім дәрежесіне терең зер ететін шара екенін, оның өткізілуі оқушыларға бір серпін беретін, өте дұрыс, жоғары бақылау екенін айтып, комиссия мүшелеріне де, бастауыш сынып ұстаздарына да өз алғысын білдірді. Ал, Черелибекова Р. өз сөзінде орыс тілі пәні дәптерлерінің тексерілуі де оқушыларға біраз серпіліс беретінін, өздеріне деген жауапкершілікті сезінгендерін айтты. Г. Мусаева математика - өмірдің өзегі, өте қиын да күрделі пән, осы пәннен түрлі сайыстар

оқушылардың өнерге деген бейімділігін арттырады деп ойлаймын деді. Осындай іс-шаралар көбірек өткізілсе, нұр үстіне нұр деді.
ББЖМ-ге дайындық жұмыстары жөнінде Ұ. Чартекова көңілі толатынын айтып, дайындықта қажетті болған, сабыста оқай өсіске жетесің" деп өз пікірін білдірді.

Жиын өте қызықты, білім сапасын арттыруға өз жерін беретіндей дәрежеде өтті.

Әдістемелік кеңесте айтылған ұсыныстар:

1. Бастауыш сыныптардағы оқу жолдағы дағын және дәптердің ұсталуын бақылау жалғасын тапса;
2. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша дәптер тексеру өте жоғары дәрежеде өткізілген деп табылса;
3. Бастауыш бірлестігіндегі математика апталығы жоғары дәрежеде өткізілген деп табылса;
4. Математика пәні бойынша олимпиадаға дайындық жұмысы қанағаттанарлық деп табылсо;
5. ББЖМ-ге дайындық жұмыс жалғасса.

Әдістемелік кеңес төрағасы: [signature] А. Ахметбекова
Әдістемелік кеңес хатшысы: [signature] Р. Черметбекова

№3 Ә.Молдағұлова жалпы білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысының

# №4 Хаттамасы

24.03.24 ж.

Барлығы – 56 адам
Қатысқаны – 53 адам
Қатыспағаны – 3 адам

Күн тәртібінде:

1. Биология-химия пән бірлестігінің III тоқсанда атқарған жұмыстарының нәтіжелік есебі. (Бірл.жет.- Ұ.Қартекова)
2. Биология-химия пәндерінің оқытылуы туралы анықтама. (Бірл.жет. – Ұ.Қартекова)
3. Бастауыш сыныптардағы, ағылшын тілі және биология-химия пәні бойынша білім сапасының мониторингі. (Бірлестік жетекшілері.)
4. „Алтын белгі" белгісі туралы ереже туралы. (ДОІЖО: А.Алибекова – әдістемелік кеңес төрайымы.)
5. 11„А", 11„Ә" сыныптарының ҰБТ бойынша атқарған дайындық жұмыстарының есебі (Сынып жетекшілері.)

Жиынды әдістемелік кеңес төрайымы- А.Алибекова ашып, ұстаздарды ең маңызды іс- білім беру саласындағы жеткен жетістіктерімен, алған асуларымен құттықтап, қызық та қиын мамандың мәселеріне шығармашылық табыс тіледі. Үшінші тоқсанның жиынтық бағасын алға тартты. Күн тәртібіндегі мәселелердің осы саладағы ауқымды рөл атқаратынын айтып, түйіндеп өтті.

Бірінші мәселе бойынша Биология-химия бірлестігінде атқарылып отырған жұмыс-

тармен бірлестік жетекшісі - Ү. Жартекова баяндады. Кестеге сәйкес ашық сабақтар өтілген. „Адам қаңқасының құрылысы" тақырыбында 8 „А" сыныбына Ү. Жартекова ашық сабақ өткен. „Металдар мен бейметалдар" тақырыбында 8 „Г" сыныбына М. Үсенбаева өткен. Оқушылар белсенділік танытып, білім сапасының өсуіне оң ықпалын тигізген. Ашық сабақтарға оқу ісі меңгерушісі - А. Аманбекова еніп, өз ойын білдірген. Биология, химия бірлестігінде 3 мұғалім бар; Ильмисаева Л, Ү. Жартекова, М. Сатымбекова. III тоқсанда осы пәндердің оқытылуын зерделеу жүргізілген. Ильмисаева Л. 9 „Г" сыныбындағы сабағында 21.02.2024ж. күні „Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары" тақырыбын өткен. Сұрақ-жауап әдісі, тірек сөздермен жұмыс жүргізілген. Кері байланыс, қалыптастырушы бағалау жүзеге асқан. Жартекова Ү. 9 „А" сыныбында 07.02.2024ж. күні „Тұқымқуалаудың генетикалық заңдарының цитологиялық негіздері" тақырыбында сабақ өткен. „Миға шабуыл" әдісін сурет арқылы көрсеткен. Мұғалім сабақты түсіндіріп, оқушыға бағыт-бағдар беріп, қалыптастырушы баға, ынталандыру арқылы қызықтырып отырған. Тірек-сызба арқылы тапсырма орындатып, түйіндеген. Сатымбекова М. 9 „А" сыныбында химия пәнінен 16.02.2024ж. күні „Азот қышқылы" тақырыбында сабақ өткен. Психологиялық ахуал

қалыптастырған, тақырыпты формулға арқылы ашқан. Қиындықтардың ортақ қасиеті арқылы тапсырма орындатып, 1-10 балдық жүйеде бағалау жүргізген.

Білім сапасына мониторинг жасауда алдымен бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі А. Тұрсынбаева сөз алды. III тоқсанда білім сапасы бойынша да сыныпқа сараптама жасап, өсу, кему динамикасын түсіндіріп өтті. 2-4-сыныптардағы математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану пәндері қарастырылған. Мысалы: 2 „А" сыныбында математика пәні бойынша I тоқсанға қарағанда II тоқсанда 7%-ға өсім бар, ал III тоқсанда 3%-ға төмендеген, пән мұғалімі Г. Шойынкова. Себеп, салдары анықталған. Ұсыныстар айтылған. Ағылшын тілі бойынша М. Тажханова баяндады. 3 „А" сыныбында I тоқсанда білім сапасы 78%-ды, ал III тоқсанда 86%-ды көрсеткен, 8%-ға өскен, 3 „Ә" сыныбында 66%-дан, 69%-ға өсім бар. 4-сыныптарда да өсім байқалады. 5-11-сыныптардағы ағылшын пәні бойынша білім сапасы 2 тоқсан бойы мониторингті алсақ, 5 „А", 5 „В", 6 „Ә", 11 „А", 11 „Ә" сыныптары бірқалыпты, 5 „Ә", 6 „Б", 7 „А", 8 „Ә", 9 „А", 10 „А", 10 „Ә" сыныптарында өсім бар, ал 7 „Ә", 8 „А" сыныптарында кемiген. Ұсыныстар айтылып, кемшілікті жою жолдары қарастырылды. Биология-химия пәндері бойынша білім сапасы барлық сыныптарда өсім бар, тек 7 „Ә", 9 „Ә" сыныбында 2-8% аралықта кему бар, себебі анықталып, ұсыныстар айтылды. Білім сапасының артуына ықпал ететін факторлар атап көрсетілді.

„Алтын белгі" белгісі туралы деректердің оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Әлібекова баяндады. „Алтын белгі" белгісі туралы ереже 2014 жылы 19 жел-тоқсанда №632 бұйрықпен шыққан. „Алтын белгі" негізгі орта білім туралы үздік аттестат алған, жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларына сәйкес 5-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі оқу кезеңдерінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары „5" баға алған оқушылар марапатталады. 5-9-сыныптардағы оқу кезеңдерінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары „5" болған 9-сынып білім алушыларына №39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестат беріледі. Жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін пәндерден „5" болған және 10-11-сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары „5" болған 11-сынып білім алушыларына №39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі. Осы бұйрықтарға сай келетін біздің мектепте 11-сыныптарда „Алтын белгі" үміткерлері:

1. Тостанова Аяулым
2. Жүсіпбек Аружан
3. Бегімхан Назерке
4. Егенберді Балжан
5. Ұлыбек Мейірім

6. Ұзақан Аяужібек

„Үздік аттестат" үміткері:

1. Серікбаева Айдана.

9-сыныптарда „Үздік аттестат" үміткері:

1. Тыныштық Дінмұхамед.

„ҰБТ бойынша атқарылған дайындық жұмыстары туралы сынып жетекшілер Ч. Картекова, Г. Балабек баяндады. Жалпы 11-сыныптар бойынша 26 оқушы бар. ҰБТ тапсыруға 22 оқушы өтініш берген. 5 пән бойынша мектепте дайындық жүргізілуде. Бейіндік 2 пән анықталып, әр оқушыға өзіне сәйкес, пәндеріне сәйкес дайындық жүргізілуде. Әр ай сайын тапсырған сынама тест қорытындысын айтылды. Тест қорытындысы арқылы келешекпен, қателікпен жұмыстар жүргізіліп келеді. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарына тек 11-сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдері ғана емес, бүкіл ұжым болып атсалысуымыз керек екені айтылды.

Жиын соңында сөз алған ұстаздар Н. Қасымратова білім негізі - бастауышта екенін айтып, бастауыш сынып ұстаздарының атқарған еңбегіне ризашылығын білдірсе, Н. Шандыбаева химия-биология негізгі пәнге жататындығын, әсіресе, 11-сынып оқушыларының көбісі осы жаратылыстану бағытындағы пәндерді таңдап отырғанын айта келе, сабақтың және де жалғастырылып өтулерін айтып өтті.

Жиын көптеген жұмыстарды талқылай келе, әдіс-тәсілдерді арттыруға жол ететіндей өтті.

Әдістемелік кеңесте айтылған ұсыныстар:

1. Биология - химия бірлестігінің жұмысын одан әрі жандандырылсын;

2. Бастауыш сыныптардағы пәндердің оқытылуы жақсы деп бағаланса;

3. „Алтын белгі" белгісіне үміткермен жұмыс мұқият әрі тереңдетілсе;

4. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жалғасын таба;

5. Биология-химия пәндерінің оқытылуы МЖМБС-ке сәйкес деп танылса.

Әдістемелік кеңес төрайымы: [signature]

А. Амебекова

Әдістемелік кеңес хатшысы: [signature]

Р. Чермебекова